



Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған "Агробизнес-2020" бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы № 151 қаулысы

«Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 18 желтоқсандағы № 449 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1) Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2) Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық холдингтер, компаниялар мен ұйымдар (келісім бойынша) «Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу, іске асыру, мониторингілеу, бағалау және бақылау ережесіне сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысы;

2) «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 шілдедегі № 749 қаулысы;

3) «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 776 қаулысы.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2013 жылғы 18 ақпандағы
№ 151 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы	Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 – 2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіздеме	Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы
Жауапты орындаушы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – ҚР АШМ) облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері
Мақсаты	Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – ҚР) агроөнеркәсіптік кешені (бұдан әрі – АӨК) субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау
Міндеттері	<p>1. АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру.</p> <p>2. АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру:</p> <p>1) өсімдік шаруашылығындағы тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>2) астық сақтау жөніндегі қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>3) АШТӨ үшін судың экономикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>4) мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>5) ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу өнімінің өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>6) қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;</p> <p>7) басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікті арттыру;</p> <p>8) білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру.</p> <p>3. АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамыту:</p> <p>1) фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту;</p> <p>2) ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту.</p> <p>4. АӨК-ні мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру:</p> <p>1) ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру;</p> <p>2) АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту;</p> <p>3) ауыл шаруашылығы дақылдарының мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру;</p> <p>4) АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін дамыту;</p> <p>4-1) суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалаудың тиімділігін арттыру;</p> <p>5) ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту;</p> <p>6) АӨК-дегі мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру;</p> <p>7) органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен айналымын дамыту үшін жағдайлар жасау;</p> <p>8) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту;</p> <p>9) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.</p>

Іске асыру мерзімдері	2013 – 2020 жылдар
Нысаналы индикаторлар	<p>1) АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылы 4,5 есе ұлғайту;</p> <p>2) АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы 500 млрд. теңгеге кемінде 9 жылға ұзарту;</p> <p>3) кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредит қаражатының көлемі 2013 – 2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін;</p> <p>4) карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициенті 2020 жылы 0,88;</p> <p>5) мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесі 2020 жылы 0,4 %;</p> <p>6) электрондық форматқа көшірілген мемлекеттік қызметтер үлесі 2015 жылы 62 %.</p>
«Қаржыландыру көздері мен көлемдері»:	<p>«Бағдарламаны 2013 – 2020 жылдары іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген жалпы шығыстар барлығы 3 393,2 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде:</p> <p>2013 жылы – 339,7 млрд. теңге</p> <p>2014 жылы – 466,0 млрд. теңге*</p> <p>2015 жылы – 543,2 млрд. теңге*</p> <p>2016 жылы – 356,7 млрд. теңге</p> <p>2017 жылы – 396,7 млрд. теңге</p> <p>2018 жылы – 417,3 млрд. теңге</p> <p>2019 жылы – 421,4 млрд. теңге</p> <p>2020 жылы – 452,2 млрд. теңге</p>
* – сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады	

2. Кіріспе

ҚР тәуелсіздігі кезеңінде елдің АӨК-де айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді: нарықтық қатынастар негізінде өндірістің тұрақты өсуі байқалады, еңбек өнімділігі мен өндіргіштігі артуда, саланың негізгі қорларын жаңарту және инфрақұрылымын қалпына келтіру жүргізілуде, негізгі тамақ өнімдері бойынша өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізілді, дәнді, майлы дақылдар, балық аулау өнімдері экспортының айтарлықтай өсуіне қол жеткізілді.

2011 жылы елдің жалпы ішкі өнімінің (бұдан әрі – ЖІӨ) көлеміндегі ауыл шаруашылығы өнімінің үлесі 5,1 %-ды құрады, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтіндердің еңбек өндіргіштігі 2005 жылдан бастап 2011 жылдар аралығындағы кезеңде жылына 9,3 % орташа жылдық өсу қарқынымен бір жұмыс істейтін адамға 304,2 мың теңгеден 498 мың теңгеге дейін өзгерді, ауылды жерлерде шамамен 7,48 млн. адам немесе Қазақстанның жалпы халқының 45%-ы тұрды.

Қазіргі уақытта әлемдік аграрлық экономика мен демографияның жаңа үрдістері қалыптасуда, өңірдегі ықпалдастыру процестері нақты дами бастады, жаһандық климаттық өзгерістер болуда. Қазақстан Кеден одағына (бұдан әрі – КО) кірді, таяу кезеңде Дүниежүзілік сауда ұйымына (бұдан әрі – ДСҰ) кіруі жоспарлануда. Алайда, саладағы еңбек өндіргіштігінің төмен деңгейі, пайдаланылатын технологиялардың жетілдірілмегендігі, өндірістің ұсақ тауарлы болуы ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды негізде жүргізуге, материалдық, еңбек және басқа ресурстарды неғұрлым толық пайдалануды қамтамасыз етуге, экологиялық талаптарды сақтауға мүмкіндік бермейді. Осы факторлар отандық аграрлық сектордың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді, бұл ДСҰ мен КО жағдайларында шетелдік өнім импортының басым болуына, жергілікті өндірушілерді өткізу нарықтарынан ығыстыруға әкелуі мүмкін.

Азық-түлік өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және тұтыну құрылымының неғұрлым сапалы өнімдер жағына қарай өзгеруімен ел халқының өсуі орын алуда. Елді азық-түлікпен қамтамасыз

етудегі, халықты жұмыспен қамтуды арттырудағы және республиканы экономикалық дамытудағы ауыл шаруашылығының ролін Мемлекет Басшысы бірнеше рет, оның ішінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты векторы» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында атап өтті.

Сыртқы және ішкі ортаның өзгерген жағдайларында Қазақстанның К0-ға кіруі мен ДСҰ-ға алдағы кіруіне, саланы мемлекеттік реттеу мен жаңғыртудың жаңа тетіктерін қолдану қажеттілігіне байланысты ҚР АӨК-ті дамытудың жаңа салалық бағдарламасы әзірленді.

3. Агроөнеркәсіптік кешендегі ағымдағы ахуалды талдау

Ескерту. 3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

ҚР АӨК жалпы өнімінің көлемі ауыл шаруашылығы өнімдерінің 2007 жылғы 1089,4 млрд. теңгеден 2011 жылғы 2286 млрд. теңгеге дейінгі және қайта өңдеу өнімдерінің 2007 жылғы 490,8 млрд. теңгеден 2011 жылғы 828 млрд. теңгеге дейінгі өсуімен орнықты үрдісті көрсетті. Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемінің орташа өсу қарқыны 20 %-ды, қайта өңдеу өнімдері 12,2 %-ды құрады.

1-сурет. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімдерін өндіру көлемі



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі

2-сурет. Тамақ өнімдері өндірісінің көлемі



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі

5 жылда шешуші қайта өңдеу өнімдері өндірісінің орташа жылдық жалпы көлемі 650 млрд.-тан астам теңгені құрады.

1-кесте. Қайта өңдеу өнімдерін өндіру, млрд. теңге

Көрсеткіш	2007	2008	2009	2010	2011
Тамақ өнімдерін өндіру	490,8	623,5	629,8	695,2	828,0
Етті қайта өңдеу мен консервілеу және ет өнімдерін өндіру	50,2	59,7	69,7	77,6	102,8
Балықты, шаян тәрізділерді және ұлуларды қайта өңдеу және консервілеу	6,3	6,9	7,3	8,1	9,6
Жемістерді және көкөністерді қайта өңдеу мен консервілеу	68,2	60,8	69,6	68,3	87,6
Өсімдік және жануарлар майлары мен тоңмайларын өндіру	43,6	60,4	42,9	85,6	72,3
Сүт өнімдерін өндіру	89,4	101,5	103,5	117,3	132,8
Ұн тарту өнеркәсібінің өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру	79,3	133,2	128,0	119,6	168,2
Нан-тоқаш және ұн өнімдерін өндіру	89,8	110,8	115,3	120,1	133,6
Өзге де тамақ өнімдерін өндіру	57,0	82,5	86,2	90,9	109,0
Жануарларға арналған дайын жемшөп өндіру	6,9	7,6	7,4	7,8	12,1

Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі

ҚР ауыл шаруашылығы әлемдік азық-түлік нарықтарына ықпалдасты және сауда теңгерімін қалыптастыруға белсене қатысады.

Алайда, АӨК қайта өңдеу өнімдерінің көптеген түрлері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі қалыптасты, жеміс-көкөніс өнімдері, етті және сүтті қайта өңдеу өнімдері бойынша импортқа тәуелділік деңгейі жоғары.

2 -кесте. Қазақстанда 2009 – 2011 жылдары өнімдерді тұтынудағы импорттың үлесі, мың тонна

Өнім	Импорт	Тұтыну	Тұтытудағы импорт үлесі %
2009 – 2011 жылдарда орташа, мың тонна			
Жемістер, жүзім және оларды қайта өңдеу өнімдері	573,6	678,3	84,57 %
Балық және балық өнімдері	67,2	88,7	75,72 %
Өсімдік майы және құрамында майы бар өнімдер	165,4	342,3	48,33 %
Ет және ет өнімдері	209,2	1 122,2	18,64 %
Сүт және сүт өнімдері	870,6	5 756,8	15,12 %
Күнбағыс тұқымы	28,7	316,4	9,06 %
Көкөністер, бау-бақша дақылдары және оларды қайта өңдеу өнімдері	193,2	3 169,0	6,10 %
Картоп және оны қайта өңдеу өнімдері	145,3	2 518,7	5,77 %
Астықты қайта өңдеу өнімдері	43,8	1 989,8	2,20 %
Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері, млн. дана	33,4	3 565,5	0,94 %
Астық	110,0	11 973,7	0,92 %

Дерек көзі: ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (өзара сауда-саттықты қоса алғанда); ҚР Статистика агенттігі; «АӨК экономикалық саясатты талдау орталығы» ЖШС

2011 жылы ауыл шаруашылығында 2 196,1 мың адам (жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 26 %-ы) жұмыс істеді, оның ішінде жалданғандар – 604,8 мың адам (секторда жұмыс істейтіндердің 27,5 %-ы), өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 1591,3 мың адам (секторда жұмыс істейтіндердің 72,5 %-ы).

ҚР-дағы егіс алаңдары 2011 жылы 21 083 мың гектарды құрады. Барлық егіс алаңдарының шамамен 65,7 %-на (13 848,9 мың гектар) бидай егілді. Дәнді дақылдарға 2011 жылы барлық егіс алаңдарынан 76,9 % (16 219,4 мың гектар) бөлінді. Мал басының саны 2012 жылдың басында 5,7 млн. бас ірі қара малды (бұдан әрі – ІҚМ), 18,1 млн. бас ұсақ малды (бұдан әрі – ҰМ), 1,6 млн бас жылқыны, 1,2 млн. бас шошқаны, 0,17 млн. бас түйені және 32,9 млн. бас құсты құрады.

3.1. ҚР агроөнеркәсіптік кешенінің өнімін өткізудің нысаналы ішкі және сыртқы нарықтары

Ескерту. 3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Нарықтарды, оның ішінде Қазақстан үшін дәстүрлі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы (бұдан әрі – ТМД) экспорттық өнім өткізу нарықтарын игеру бойынша бірқатар мүмкіндіктер пайдаланылмауда.

Жүргізілген талдау нәтижесінде қазақстандық өндіріс өнімдерін өткізудің мынадай перспективалы нарықтары анықталды.

Бидай нарығында Орталық Азия (бұдан әрі – ОА), Еуропа одағында (бұдан әрі – ЕО) елдерінде, Ауғанстанда Қазақстан ОА елдері мен Ауғанстан халқының тез өсуін ескере отырып, 2020 жылы астық эквивалентінде (бидай, ұн, бидайды терең өңдеу өнімдері) 10 млн. тоннадан астам өнім өткізе алады. Шешуші міндеттердің бірі ұн экспорты бойынша көшбасшылық позицияны сақтап қалу болып табылады, ол импорттаушы елдердің ұн өндіру жөніндегі меншікті қуаттылықтарын дамытуға бағдарлануына байланысты қысқаруы мүмкін. Бидайды терең өңдеу өнімдерінің (крахмал, глютен, дән маңызы және басқалары) экспорты қазіргі уақытта іске қосылып жатқан ұнды терең өңдеу жобалары ойдағыдай болған жағдайда шикізат эквивалентінде 0,3 – 0,5 млн. тоннаны құрайды.

Ресей Федерациясы (бұдан әрі – РФ) шамамен 1 млн. тонна алманы экспорттайды, оның ішінде Қазақстан 2020 жылы 400 мың тоннаға дейінгі жеткізулерді қамтамасыз ете алады. Бұл ретте,

Қазақстанның ішкі нарығы 2020 жылы шикізат эквивалентінде шамамен 600 мың тонна алма және 400 мың тонна алманы қайта өңдеу өнімдерін құрайды. Осы өнім түрі бойынша толығымен өз-өзін қамтамасыз ету және Қазақстанда өсірілген алмалардың РФ шығыс бөлігінде дәстүрлі өткізу нарықтарын қалпына келтіру мақсат болып табылады.

Көкөніс өнімдерінің, оның ішінде қызанақтардың ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 3 млн. тоннаны құрайды, оның ішінде жергілікті өндірушілер ішкі сұраныстың 100 %-на дейін қамтамасыз ете алады. Көкөніс өнімдерінің экспорты 2020 жылы негізінен КО елдеріне 300 мың тоннаны құрауы мүмкін. Консервіленген көкөністердің ішкі өндірісі 2020 жылы болжамдар бойынша 85 мың тоннаға дейін өседі.

Ішкі нарықтағы жүгеріге деген сұраныс 2020 жылға қарай негізінен мал шаруашылығы тарапынан шамамен 1 млн. тоннаны құрайды және жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады. Иран қазіргі уақытта жыл сайын 3 млн. тоннадан астам астық түріндегі жүгері импорттайды және осы өнімді өткізудің перспективалы әлеуетті нарығы болып табылады.

Рапстың ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 500 мың тонна құрайды, ол жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады. Сондай-ақ ЕО елдеріне экспорт көлемін 70 мың тоннаға дейін шамамен екі есеге арттыру әлеуеті бар.

Сояның ішкі нарығы 2020 жылы шамамен 350 мың тонна құрайды, ол жергілікті өніммен қамтамасыз етілетін болады.

РФ-та импорттық сиыр етінің әлеуетті нарығы жыл сайын 600 мың тоннадан кем емес құрайды, оған Қазақстан 2016 жылы шамамен 60 мың тонна салқындатылған ІҚМ етін жеткізе алады. Сондай-ақ сиыр етінің ішкі нарығы 2020 жылға қарай шамамен 500 мың тоннаны құрайды, қой еті – 200 мың тонна, жылқы еті – 120 мың тонна, ол отандық өніммен қамтамасыз етілетін болады.

Қой еті мен жылқы еті бойынша ішкі нарықты қамтамасыз етуге бағдар перспективалы, өйткені шектес елдердің ішкі нарықтарының ерекшелігіне байланысты осы өнім түрлерін үлкен көлемдерде экспорттау мүмкін болмайды.

Етті қайта өңдеу өнімдерінің ішкі нарығы болжамдар бойынша 2020 жылға қарай шамамен 115 мың тонна шұжық өнімдерін, 85 мың тоннадан астам өзге өнімдерді құрайды, оның ішінде жергілікті өнім шамамен 100 мың тонна шұжық өнімдерін және 60 мың тоннадан астам өзге өнімдерді құруы мүмкін.

РФ-та импорттық салқындатылған қызыл балық (арқан балық) нарығы жылына шамамен 75 мың тоннаны құрайды, оның ішінде Қазақстан 2020 жылға қарай 1,9 мың тоннасын импорттай алады, сондай-ақ РФ, ЕО мен басқа елдерге 2 мың тоннаға дейін бекіре мен қара уылдырық экспорты мүмкін болады. Балық пен балық өнімдерінің ішкі нарығы шамамен 196 мың тонна құрайды, оның ішінде жергілікті өнім шамамен 84 мың тоннаны құрауы мүмкін.

Сүт өнімдерінің ішкі нарығы Қазақстанда 2020 жылы сүт эквивалентінде шамамен 1,6 млн. тоннаны құрауы мүмкін, оның ішінде жергілікті өнім сүт эквивалентінде шамамен 1,5 млн. тоннаны құрауы мүмкін.

Мал шаруашылығына арналған құрама жемге деген қажеттілік жылына 3 млн. тоннаға дейін өседі.

Күріш бойынша Қазақстан өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізді, саланың басты проблемалары шешілген жағдайда ТМД елдеріне күріш жармасы экспортының көлемін 2020 жылға қарай 100 мың тоннаға дейін өсіру әлеуеті бар.

Мақта өндірісінде өсіру үшін жарамды аумақтар ауданы Оңтүстік Қазақстан облысының үш ауданымен шектелген, осыған байланысты өндіріс пен экспорттың айтарлықтай өсуі мүмкін болмай отыр.

Биязы жүн нарығында өндірісті 6-8 мың тоннаға дейін өсіру мүмкін болады, сондай-ақ өндірілетін жартылай қылшықты және қылшық жүнді қайта өңдеу көлемдері жылына бірнеше мың тоннаға арттыруға мүмкіндік бар.

Жергілікті өндірістің жүгері дәнін терең өңдеу өнімдерінің ішкі нарығы 2020 жылға қарай болжам бойынша шамамен 44,8 мың тоннаны құрайды, бұл ретте шамамен 11,0 мың тонна крахмал-сірне өнімдері экспортталады.

3.2. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың қолданыстағы мемлекеттік реттеу саясатын талдау
Қазіргі сәтте АӨК-ні дамытуды мемлекеттік реттеу саясаты мынадай нысандарда іске асырылады:

- 1) АӨК субъектілері арасында субсидиялар, мемлекеттік сатып алулар және т.б. түрінде әртүрлі мемлекеттік қолдау нысандарын ұсыну;
 - 2) негізгі өндірістік құралдарды – ауыл шаруашылығы техникасының паркін, жабдықтарды, мал басын жаңартуға арналған жағдайларды қолдайтын қаржылық құралдарды қолдану;
 - 3) АӨК субъектілері үшін қаржылық-кредиттік құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;
 - 4) АӨК-ні дамыту жобаларына инвестицияларды тарту үшін қажетті жағдайлар жасау;
 - 5) өнім экспортын қолдау;
 - 6) ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;
 - 7) ҚР АӨК дамыту үшін қажетті көлік, су, сақтау, қайта өңдеу және өзге де инфрақұрылымдарды сақтау және дамыту;
 - 8) салалық ғылымды дамыту және агротехнологиялық білімді тарату;
 - 9) бюджет қаражатының жұмсалуды бақылау.
- Қазақстанда негізінен ақшалай және қаржылық қолдау құралдары басым болуда.


3-кесте. 2007 – 2011 жылдары АӨК-ні дамытуға бөлінген бюджет қаражатының құрылымы

Р/с №	Қаржыландыру бағыты	Үлесі, %
1	Субсидиялар	28 %
2	Кредиттер	20 %
3	Инвестициялар мен инвестициялық жобалар	30 %
4	Өсімдік шаруашылығына, мал шаруашылығына, қайта өңдеуге арналған қызметтер	20 %
5	ҒЗТКЖ және консультациялар	2 %
	Жиыны	100 %

Дерек көзі: ҚР АШМ

Сандық мәндегі жалпы сома тек 2011 жылы 283,5 млрд.-тан астам теңгені құрады.

3-сурет. 2007 – 2011 жылдары АӨК-ні дамытуға бағытталған бюджет қаражатының көлемі, млн. теңге



Дерек көзі: ҚР АШМ


4-кесте 2007-2011 жылдардағы субсидиялау түрлері мен көлемдері, млн. теңге

Субсидиялар түрлері	2007-2011 ж.ж. орташа, млн. теңге	Үлесі %	2011, млн. теңге
Өсімдік шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар	22 820,5	50,8	30 011,4
Мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар	14 757,4	32,9	26 211,3
Қайта өңдеуге арналған субсидиялар	3 140,8	7,0	5 000,0
Экспортқа арналған субсидиялар	2 555,8	5,7	5 000,0
Суару суына арналған субсидиялар	1 201,1	2,7	1 248,7
Сақтандыруға арналған субсидиялар	360,7	0,8	1 203,3
Стандарттарды енгізуге арналған субсидиялар	55,5	0,1	40,0
ЖИЫНЫ	44 891,7	100	68 714,6

Дерек көзі: ҚР АШМ

Соңғы 5 жылда АӨК-ні субсидиялау 3 еседен астамға ұлғайды.

4-сурет. 2007 – 2011 жылдары АӨК салалары бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидиялау көлемі, млн. теңге



Дерек көзі: ҚР АШМ

Мемлекеттік қолдаудың жеткілікті жоғары деңгейіне қарамастан бірқатар кемшіліктер байқалады:

1) бірқатар субсидиялар оларға ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің (бұдан әрі – АШТӨ) төмен қызығушылығына байланысты тиімсіз (дәнді, майлы, басқа да бірқатар дақылдар өндірісінің 1 гектарына арналған, ІҚМ 1 басына жұмсалатын жемшөпке арналған субсидиялар және т.б.);

- 2) субсидияларды әкімшілендіру жоғары шығындармен ұштасады;
- 3) АШТӨ-нің субсидияларды алуы кешіктіріледі;
- 4) субсидияларды бөлу тетігі нарықтық бағаларды бұрмалайды;
- 5) субсидияларды алудың атаулылығы жеткіліксіз бақыланады (қолдан ұрықтандыруға, өсімдік шаруашылығындағы тұқым шаруашылығына арналған субсидиялар және т.б.).


3.3. Агроөнеркәсіптік кешеннің басым салаларының проблемаларын талдау

3.3.1. Өсімдік шаруашылығының проблемаларын талдау

Ескерту. 3.3.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

Негізгі дақылдар бойынша түсімділік әлемдік өнімділік көрсеткіштерімен салыстырғанда төмен деңгейде.

5-сурет. Негізгі ауыл шаруашылық дақылдарының түсімділігін салыстыру, ц/га



Дерек көзі: Қазақстан бойынша деректер – ҚР Статистика агенттігі (2011 ж.) шетелдер бойынша деректер – FAO (2008 ж.)

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарын жалпы жинау 2011 жылы жеткілікті жоғары деңгейге (мың тонна) жетті: бидай – 22732,1, жүгері – 482, арпа – 2593, күріш – 347, соя – 133, күнбағыс – 409, рапс – 149, мақта – 336, картоп – 3076, көкөніс – 2878, жемшөптік жүгері – 1053, жемшөп (тамыр жемістер, бақша, дәнді дақылдар, жүгерісіз сүрлем) – 279, алма – 115 мың тонна.

Бидайдың 2011 жылғы жоғары өнімі кезінде оны асыра өндіру орын алды, бұл өнімді экспорттау кезінде қиындықтар, сондай-ақ астық тасығыштар мен сақтау қуатының тапшылығын туғызды. Майлы дақылдар бойынша сақтау қуатының тапшылығы және АШТӨ-нің агротехнологиялар

білімінің жетіспеушілігі байқалды. Соя мен жүгері өндірісінде өндірістің ұсақ тауарлығы өнімділіктің төменділігіне әкелді, сондай-ақ қайта өңдеу саласында проблемалар бар. Ұсақ тауарлы АШТӨ арасында бөлінген суармалы жерлердің тапшылығы, олардың мелиоративтік жағдайының нашарлауы, сақтау қоймаларының тапшылығы, қайта өңдеу өнеркәсіптері үшін шикізаттың жетіспеушілігі жеміс-көкөніс өнімдерін өндіру үшін негізгі тежеуші факторлар болып табылады, бұл осы өнім түрі бойынша импортқа тәуелділіктің жоғары дәрежесіне әкеледі.

Жемшөп дақылдары егілетін жыртылған жерлер ауданы 2011 жылы 2484,3 мың гектарды, оның ішінде жиналған алаң 78 мың гектар жемшөпке арналған жүгері, 197,2 мың гектар бір жылдық шөптер және 1780,1 мың гектар көпжылдық шөптер құрады. Жемшөп дақылдарының өнімділігі төмендеуде, бұл жер пайдаланудың тиімсіз құрылымымен байланысты. Мал шаруашылығының өсіп келе жатқан қажеттіліктері сапалы құрама жеммен жеткіліксіз қамтамасыз етіледі.

ҚР-дағы фитосанитариялық қауіпсіздік деңгейі Қазақстаннан өсімдік шаруашылығы өнімдерін шығаруға тыйым салу жағдайларының төмен санымен қанағаттанарлық деңгейде.

3.3.2. Мал шаруашылығының проблемаларын талдау

Мал шаруашылығы өнімінің үлкен үлесі халықтың жеке қосалқы шаруашылықтарында өндіріледі, бұл төмен өнімділікке әкеледі, ішкі нарықтағы өсіп келе жатқан қажеттілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді, жоғары өзіндік құнына және бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуіне әкеледі, импортқа тәуелділіктің қалыптасуына әкеп соқтырады. Осылайша, барлық ет түрлерін негізгі өндірушілер әлі күнге дейін халықтық шаруашылықтар болып табылады, оларда 2012 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша 76,7 % ІҚМ басы, 67 % қой мен ешкі, 72,5 % шошқа, 62,7 % жылқы және 40,9 % құс ұсталуда. Мал шаруашылығы өнімділігінің көрсеткіштері халықаралық көрсеткіштерден бірнеше есе төмен.

6-сурет. Мал шаруашылығы өнімділігінің көрсеткіштері



Дерек көзі: Қазақстан бойынша деректер – ҚР Статистика агенттігі (2011 ж.), шетелдер бойынша деректер – FAO (2008 ж.)


Қазақстанның мал шаруашылығының әлсіз өнімділігінің негізгі себептері асыл тұқымды мал басының төмен үлесі (мысалы, етті бағыттағы малдың үлесі – 2,5 %-дан артық емес), сапалы жемшөптердің тапшылығы, күтіп-бағудың сәйкес емес шарттары болып табылады. Мал басының үлкен бөлігі тұрғындар шаруашылықтарына шоғырлануына байланысты мал шаруашылығы саласына малдардың төмен генетикалық әлеуеті және осымен байланысты төмен өнімділік, өнімділікті және өнімдердің сапасын қамтамасыз ететін күтіп-бағудың, азықтандырудың қазіргі заманғы технологияларын және басқа да технологияларды пайдаланудың жоқтығы, малдардың саулығына жеткіліксіз қарау секілді

сипаттамалар тән. Бұдан басқа малдарды суаруға арналған су көздерінің қолжетімсіз болуына байланысты табиғи жайылымдардың әлеуеті пайдаланылмайды.

3.3.3. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу проблемаларын талдау


Негізгі қайта өңдеу өнімдері экспортының-импортының теңгерімі бірқатар өнімдер бойынша Қазақстанның үлкен импортқа тәуелділігін көрсетеді.

7-сурет. Ішкі тұтындағы негізгі азық-түлік тауарлары импортының үлесі, %



Дерек көзі: ҚР Статистика агенттігі деректерінің негізіндегі есептеулер

8-сурет. Қайта өңдеу өнімдері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі, тауарлар импортының құрылымы, 2011 ж., %



Дерек көзі: ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті

2011 жылы негізгі азық-түлік тауарлары импортының көлемі 1 093,7 млн. АҚШ долларын құрады. Импорттың негізгі үлесін шикі қантты қоса алғанда, қант (31%), өсімдік майы (13%), сүт және қоюлатылған кілегей (13%) секілді өнімдер алады.

Сусындарды қоса алғанда, тамақ өнімдері өндірісінің құрылымында негізгі үлесті астық өңдеу (31,1%), ет өңдеу (9,4%), сүт өңдеу (10,2%), балық өңдеу (3,2%), жеміс-көкөніс (2,2%) өндірісі, май-тоңмай (2,6%) салалары, сусын өндірісі саласы (9,5%) алады.

Қайта өңдеу секторының дамуын негізгі тежеуші факторлар мыналар болып табылады:

1) шикізаттың төмен сапасы және тапшылығы, сондай-ақ шикізатты дайындау, тасымалдау және сақтау бойынша логистиканың дамымағандығы, бұл қайта өңдеу қуаттылықтарының толық жұмыс істеуіне әкеледі;

2) сауда-логистикалық инфрақұрылымның дамымағандығы, бұл азық-түлік нарығында көптеген ұсақ ойыншылардың жұмыс істеуіне және өнімнің негізсіз қымбаттауына әкеледі;

3) отандық ауыл шаруашылығы өнімдері мен оны қайта өңдеу өнімдерінің ішкі және сыртқы нарықтардағы төмен бәсекеге қабілеттілігі;

4) импорттың едәуір көлемінің болу себебі бойынша ішкі нарықта отандық тамақ өнімдерін өткізудегі қиындықтар.

Осы арада, техникалық регламенттердің талаптарына сәйкестігіне, оның ішінде жасанды тауарлардың (декларацияланбайтын өсімдік майлары, соя қоспалары және басқа да алмастырғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, бояғыштар, т.б.) болуына зертханалық талдауды жүргізе отырып, тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасына қатысты мемлекеттік бақылауды күшейту қажет.

Өз кезегінде бұл қолданыстағы техникалық регламенттерді метрологиялық сараптау жүргізуді және жетіспейтін сынақ зертханаларын салу және жаңғырту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту, сондай-ақ сынақтар стандарттары мен әдістемелерін әзірлеу бойынша шаралар қабылдауды талап ететін болады.

Үкіметтік емес ұйымдарға нарықта қолдан жасалған тамақ өнімдерін анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізу құқығын беретін мәртебе беру мүмкіндігін пысықтау қажет.

Қазіргі уақытта жүнді және былғары илеу шикізатын қайта өңдеу үлесі өте төмен деңгейде қалуда. Негізінен бұл осы тауарға сұраныстың болмауымен байланысты болып отыр. Жуылған жүнді және өңделген былғары шикізатын сату көлемдерін арттыруға жеңіл және тоқыма өнеркәсібінің кәсіпорындарын дамыту ықпал ететін болады.

Нарықты қорғау жөніндегі іс-шаралар идеологиялық қолдаумен нығайтылуы тиіс. Бұл үшін отандық тамақ өнімдерін тұтынуды насихаттау және халықтың отандық өнімдерге сенімділігін арттыру бойынша кең ауқымды науқан жүргізу қажет.

3.4. Агроөнеркәсіптік кешеннің қамтамасыз етуші салаларының даму деңгейін талдау

Ескерту. 3.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Қаржыландыруға қол жеткізу

2001 жылдан бастап экономикада берілген кредиттер көлемі 18 есеге жуық өсті. Екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі – ЕДБ) ауыл шаруашылығына беретін кредиттері де өсті, алайда, барынша аз ауқымда 2003 – 2011 жылдар кезеңінде бар болғаны 3,88 есеге өсті.

9-сурет. 2001 – 2011 жылдары жыл соңында берілген кредиттер көлемі, млрд. АҚШ доллары




Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі

2011 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша берілген кредиттер көлемі 545 млрд. теңгеден

астамды құрады. Күдікті және үмітсіз кредиттер үлесі ауыл шаруашылығында жалпы экономикамен салыстырғанда айтарлықтай төмен.

10-сурет. 2012 жылғы 1 қаңтарға банктердің кредиттерін жіктеу, %



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі

2012 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ЕДБ және «Қаз Агро» ұлттық басқарушы холдингі АҚ (бұдан әрі – «ҚазАгро» ҰБХ) АҚ) еншілес ұйымдарының АӨК саласындағы кредиттік портфелі (595 млрд. теңге). Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне берілген күдікті және үмітсіз кредиттер сомасы мынадай негізгі факторлар әсерінің нәтижесінде шамамен 300 млрд. теңгені құрады:

1) негізінен 2006 – 2008 жылдары машина-трактор паркін жаңғырту мен жаңартуға қымбат және қысқа мерзімді кредиттік ресурстарды пайдалану;

2) 2008 жылғы қаржы дағдарысы;

3) қолайлы баға кезеңінде астық экспортына тыйым салу (2008 жылдың 15 сәуірі мен 1 қыркүйегі аралығында), валюталық түсімнің төмендеуі және астық экспортының дәстүрлі нарықтарын ішінара жоғалту;

4) Ресей мен Украинада жақсы өнім болғандықтан, 2009 жылы астық өндірушілердің сыртқы нарықтарға шығуға мүмкіндігінің болмауы, бұл ішкі нарықта тауарлардың іркілуіне және бағалардың күрт төмендеуіне әкелді;

5) валюталық кредиттік берешекті 25 %-ға ұлғайтқан 2009 жылғы теңгенің құнсыздануы;

6) ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне әкелген 2010, 2012 жылдардағы қолайсыз құрғақ ауа райы жағдайы.


Нәтижесінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындары бұрын қабылдаған кредиттік міндеттемелер бойынша жоғары сыйақы ставкасын және кредиттер бойынша негізгі борыштың бөлігін төлеу проблемасына тап болды.

Осыған байланысты кредиттер мен жобаларды қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, қаржыландыру, сондай-ақ АШТӨ бар берешектерін өтеуге қаржыландыру жолымен АӨК субъектілерін бір реттік қаржылық сауықтыру шараларын қабылдау қажет.

Жалпы АӨК-ні дамытуға республикалық бюджет қаражатынан 2007 – 2011 жылдар ішінде 1 571,9 млн. теңге бағытталды, оның ішінде, субсидиялар үлесіне (суды пайдалануды субсидиялауды есептемегенде) 25,9% немесе 407 млн. теңге келді. Сондай-ақ соңғы 5 жылда (2007 – 2011 жылдар) «ҚазАгро» ҰБХ) АҚ құрамына кіретін қаржы ұйымдары арқылы АӨК-ні қолдауға республикалық бюджет қаражатынан 332,2 млрд. теңге, Ұлттық қор қаражатынан 120 млрд. теңге бөлінді.

Ауыл шаруашылығын кредит ресурстарымен қамтамасыз етуде айтарлықтай үлесті «ҚазАгро» ҰБХ) АҚ алады, ол АӨК-де іске асырылатын инвестициялық жобалардың жартысын қаржыландырады.


11-сурет. 2012 жылғы 1 қаңтардағы кредиттік портфель, млрд. теңге



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ

2007 – 2011 жылдар кезеңінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуші өнеркәсіптерге ЕДБ берген кредиттер 1 289 млрд. теңгені құрады.

12-сурет. 2007 – 2011 жылдары АӨК-нің қайта өңдеуші салаларына ЕДБ-нің берген кредиттері, млн. теңге



Дерек көзі: ҚР Ұлттық Банкі

Соңғы 5 жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялардың жыл сайынғы көлемдері шамамен 2 есе, атап айтқанда 2007 жылғы 56 млрд. теңгеден 2011 жылғы 107,4 млрд. теңгеге дейін артты. ҚР-ның экономикасына инвестициялардың жалпы сомасынан ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестициялар үлесі соңғы 5 жылда іс жүзінде дәл сол деңгейде қалып, 2007 және 2011 жылдары тиісінше 1,7% және 2,2% құрады, бұл ретте елдің ЖІӨ-дегі өнімнің үлесі 5%-дан астамды құрады. Осылайша, ҚР АӨК-нің салыстырмалы инвестициялық тартымдылығы басқа салалармен салыстырғанда осы жылдары өскен жоқ.

Ауыл шаруашылығы саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін АӨК жобаларын қаржыландыруға тартылатын кредиттерді арзандатуға бағытталған бірқатар қаржылық құралдарды және кредиторлар мен инвесторлардың тәуекелдерін төмендету құралдарын енгізу қажет.

Логистика қызметтері

Дәнді дақылдардың орташа жылдық өнімділігінің өсуі кезінде тасымалдау және сақтау қуаттылықтарының тапшылығы, бидайды дәстүрлі өткізу нарықтарына экспорттау кезінде қиындықтар пайда болады. Астық тасығыштар тапшылығы 3000 бірлікке, дәнді дақылдардың сақтау қуаттылықтарының тапшылығы – шамамен 2 млн. тоннаға, майлы дақылдардың – шамамен 200 мың тоннаға, жеміс-көкөніс өнімдерінің – шамамен 200 мың тоннаға бағаланады.

Жер ресурстарын пайдалану

Жерлерді пайдалану және топырақтың құнарлылығын сақтау мәселелерінде белгілі теңгерімсіздік бар. Ұзақ мерзімді жалға берілген ауыл шаруашылығы жерлерінің мәнді көлемі мақсаты бойынша пайдаланылмауда немесе ең төмен дәрежеде пайдаланылуда. Жалға алушылар пайдаланатын ауыл шаруашылығы жерлерінде топырақтың құнарлылығын сақтау және жел мен су эрозиясының алдын алу жөніндегі жеткіліксіз тиімді іс-шаралар жүргізіледі. ҚР Өңірлік даму министрлігі Жер ресурстарын басқару комитетінің деректері бойынша ҚР-да ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің 15%-ына дейін ұтымсыз пайдаланылады. Қазіргі таңда шамамен 125 млн. гектар жайылым суландырылмаған және пайдаланылмауда. Бұдан басқа, елді мекендерге жанасып жатқан 20 млн. гектардан астам жайылым ұтымсыз пайдалану салдарынан азып-тозған деп жіктеледі.

Топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, минералдық тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану және осы негізде ауыл шаруашылығы өнімдерін орнықты өндіруге жағдай жасау мақсатында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде топырақ құнарлылығының тұрақты мониторингін жүргізу қажет. Бұдан басқа, жер, табиғат және басқа ресурстарды ұтымды пайдалануды ынталандыру мақсатында АӨК субъектілеріне салық салу жүйесін жетілдіру қажет.

Республикадағы суармалы жерлер 2013 жылғы жағдай бойынша 1991 жылмен салыстырғанда 0,26 млн.га азайды және олардың көлемі 2,09 млн.га құрайды, жыл сайын олардың шамамен 1,5 млн.га пайдаланылады. Пайдаланылмайтын суармалы жерлерден өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру кезіндегі жыл сайынғы шығындар шамамен 275 млрд.теңгені құрайды.

Ветеринариялық қауіпсіздік

Тұрақсыз эпизоотиялық жағдай АӨК-ні дамыту үшін негізгі қауіп болып табылады. Шекара маңы өңірлері ауруларға неғұрлым ұшыраған, сол жерлерден инфекциялар одан әрі елдің басқа бөліктеріне тарайды. 2011 жылы жіті инфекциялық аурулардың 227 ошағы тіркелді, осының нәтижесінде Қазақстанның бірқатар облыстары үшін мал шаруашылығы өнімінің экспортына тыйым салынды.

13-сурет. ҚР-дағы жануарлар аурулары жағдайларының саны, 2011 жыл



Дерек көзі: «Республикалық ветеринариялық зертхана» РМК

Неғұрлым таралған аурулар ИҚМ мен ҰМ бруцеллезі және ИҚМ лейкозы болып табылады. 2011 жылы бруцеллезге оң нәтижені 75 038 ИҚМ сынамасы және 32 705 ҰМ сынамасы көрсетті, сондай-ақ лейкозға 58 046 оң нәтиже анықталды, бұл 2010 жылмен салыстырғанда аурулар санының тиісінше 14% , 15% және 10%-ға төмендеуін көрсетеді.


Ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігі жүйесін дамытуды бірқатар факторлар тежеуде. Мал басының басым бөлігі жеке үй шаруашылықтарында ұсталады, бұл ветеринариялық бақылауды қиындатады. Қазіргі таңда ақпараттық жүйелер «фермадан үстелге дейінгі» өнімді бақылауды қамтамасыз етпейді, эпизоотиялық қадағалау, аурулардың пайда болу мониторингі мен болжам жүргізуге қауқарлы емес. Малды бірдейлендіру рәсімі орталықтандырылмаған сатып алу, сырғаларды

қайталау, жоғалту, сырға құнын иелерінің қайтармауы секілді бірқатар проблемалармен қиындатылған, сондай-ақ электронды бірдейлендіру жүйесі интернет желісімен қамтамасыз етілмеген ауылдық елді мекендер үшін қол жетімсіз. Ветеринариялық препараттарды, диагностикумдарды қатаң бақылау жоқ. Қолданыстағы инфрақұрылым ветеринариялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейді, ветеринариялық ұйымдар (коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, облыстық және аудандық ветеринариялық зертханалар) барлық қажетті жабдықпен тиісті түрде жарақталмаған.

Сақтандыру

Қазіргі таңда өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында заңнамалық базаның бар болуына қарамастан аталған институттың әрекеті жеткілікті дәрежеде тиімді емес. Сақтандыру сыйақыларының мөлшері төлемдерге мемлекеттің қатысуына қарамастан іс жүзіндегі шығыстар мен әкімшілік ету шығындары мөлшерін жаппайды.

14-сурет. Өсімдік шаруашылығын сақтандыру нарығындағы сақтандыру сыйақылары мен төлемдерінің серпіні, млн. теңге



Дерек көзі: «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ

Бұл ретте, саладағы сақтандыру жүйесінің дамуына және тұрақты қызмет етуіне деген қажеттілік маңызды болып табылады, бұл оны жетілдіруге қажеттілік мәніне зерделеуді талап етеді

Аграрлық ғылым

2007 жылы ауыл шаруашылығы зерттеулерін басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыру мақсатында ҚР АШМ құрамында «ҚазАгроИнновация» АҚ құрылды, оның құрамына барлық салалық ғылыми-зерттеу ұйымдары және ауыл шаруашылығы тәжірибе станциялары кірді.

«ҚазАгроИнновация» АҚ ұйымдастыру құрамында 5 600 астам адам жұмыс істейді, олардың ішінде шамамен 1 100 (20%) – ғылыми қызметкерлер. Ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан 60%-дан астамында ғылыми дәрежесі бар, ғылыми қызметкерлердің орташа жасы 46,7 жасты құрайды. Едәуір материалдық-техникалық базасы – 280 мың гектардан астам жері, ауданы 900 мың шаршы м ғимараттары мен құрылыстары, шамамен 4 500 бірлік зерттеу жабдығы ауыл шаруашылығы техникасы бар.

Ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі соңғы үш жылда орташа 3,3 млрд. теңгені құрады, бұл саланың жалпы өнімінен 0,17 – 0,25 % құрайды.

ҚР барлық негізгі ауыл шаруашылығы өңірлері мен отандық АӨК салалары зерттеулермен қамтылған.

2009 жылдан бастап «ҚазАгроИнновация» АҚ құрамында білім тарату жүйесі, технологияларды коммерцияландырудың салалық кеңсесі, «Асыл - Түлік» республикалық асыл тұқымды мал шаруашылығы орталығы және «Бастау» баспасы жұмыс істейді.

Отандық ғылыми әзірлемелерді енгізу ауқымдары жыл сайын артуда. Мысалға, 2011 жылы

егіншілік шаруашылығында ылғал-ресурс үнемдеу технологияларын қолдану 11,7 млн. га. құрады (өсу 2007 жылмен салыстырғанда – 2,3 есе), бидайдың отандық сорттарын өсіру алқаптары 6,8 млн. га (бидайдың егістік алқаптарынан 42 %) құрады. Зерттеу процесіне тартылған ірі қара мал басының саны 760 мың бас құрады.

Сонымен қатар, АӨК өндіргіштігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретіндегі ауыл шаруашылығы ғылымының одан әрі дамуын тежейтін жүйелі сипаттағы бірқатар проблемалар бар. Олардың ішінде негізгілер мыналар болып табылады:

1) жеткіліксіз қаржыландыру – ауыл шаруашылығы өнімдерін жетекші экспорттаушы елдермен салыстырғанда қаржыландыру көлеміндегі көп еселік айырмашылық;

2) жоғары білікті жас мамандардың – ғылыми қызметкерлердің, көмекші және техникалық персоналдың тапшылығы;

3) инфрақұрылымның моральдық және физикалық тозуы – 20 жылдан артық пайдаланылып келе жатқан ғылыми-зерттеу жабдығының үлесі 28 %, ауыл шаруашылығы техникасы мен автомашиналар – 41 %, 20 жылдан артық күрделі жөндеусіз пайдаланылып келе жатқан ғимараттардың үлесі – 95 % құрайды;

4) ғылыми әзірлемелерді енгізу және бизнеспен өзара іс-қимыл жасау құралдарының дамытылмауы;

5) отандық аграрлық ғылымның әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасуының жеткіліксіз деңгейі.

Осыған байланысты, АШТӨ үшін білім беру және консультациялық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында аграрлық ғылымға реформалау жүргізу қажет.

Ауыл шаруашылығы техникасының паркі

Қазіргі таңда машиналар мен жабдықтардың абсолютті санының өсу серпініне қарамастан ҚР-дағы ауыл шаруашылығы техникасы паркінің 80 %-ы тозған. Қазіргі уақытта пайдаланудың нормативтік мерзімі 8-10 жыл кезінде 80 %-дан астам астық жинау комбайндары мен тракторларының орташа пайдаланылған жылы 13-14 жыл, 71 % астық жинау комбайндары, 93 % тракторлар және 95 % тұқым себетін машина есептен шығаруға жатады, ауыл шаруашылығы техникаларының қолда бар паркі жалпы 87 % шегінде тозған. 2004-2009 жылдары техниканың қатардан шығып қалуының орташа коэффициенті оң болды (жылына 0,7 %).

5-кесте. ҚР-да ауыл шаруашылығы машиналарының негізгі түрлерінің бар болуы (жылдың басынан), бірлік

Техникалар түрі	2006	2007	2008	2009	2010	2011
Тракторлар	132 676	134 799	137 213	156 037	156 656	155 580
Астық жинау комбайндары	44 339	44 621	45 454	48 032	49 503	46 997
Тұқым себетін машиналар	87 625	90 362	90 743	91 599	90 960	77 187
Егу кешендері	771	1 126	1 520	1 995	2 408	2 651
Орақтар	15 458	15 575	15 243	15 439	15 200	15 233

Дерек көзі: ҚР АШМ

АШТӨ соңғы бес жылда жетекші шетелдік өндірушілердің өнімділігі жоғары техникаларын сатып алуда. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы өндірісін энергиямен қамтамасыз ету 2002 жылмен салыстырғанда 19,5 %-ға өсті және 165 жылқы күшін немесе 100 гектар жыртылған жерге 123 кВт құрайды. Салыстыру үшін, Ресейде ауыл шаруашылығы өндірісінің энергиямен қамтамасыз етілуі 259 кВт, Германия, Голландия, Италияда – 350 кВт, Францияда – 364 кВт, Ұлыбританияда – 404 кВт, АҚШ-та – 405 кВт құрайды. Бұл ретте, мәселен жалпы техника санының 4,9 %-ын құрайтын «Хорш», «Джон-Дир», «Кейс», «Морис» өнімділігі жоғары егу кешендері егіс алаңдарының 35,2 %-ын егеді.

ҚР-ның КО-ға кіруі КО шегінен тыс жерлерден импортталатын ауыл шаруашылығы техникаларының

кедендік бажын айтарлықтай арттырды, бұл ретте, Қазақстан жағдайына қажетті no-till және mini-till технологияларын қолдануға арналған техника КО шегінде қажетті мөлшерде және номенклатурада шығарылмайды. ҚР-да құрастыру деңгейін оқшаулау бойынша жоғары талаптар, сондай-ақ, тұрақсыз өткізу нарығы ҚР-да құрастыру өндірісін құруды шектейді.

Ауыл шаруашылығы техникасының паркін жаңарту және кеңейту мақсатында лизинг құралын және лизинг төлемдерін субсидиялау тетігін пайдалана отырып мемлекеттік қолдауды жалғастыру қажет.

Агрехимия

ҚР Статистика агенттігінің деректері бойынша Қазақстанда жыл сайын 87,4 мың тонна минералды тыңайтқыш пайдаланылады, осының негізінде тыңайтқыштарға қажеттілік жылына 1,8 млн. тоннаға бағаланады. Сол уақытта ҚР АШМ Мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекцияларының деректері бойынша гербицидтер жеткіліксіз қолданылады – жылына 30 млн. литр қажеттілігі кезінде бар болғаны 8-10 млн. литр.

Қазақстан құрамында азот және фосфоры бар тыңайтқыштарды тұтынуға тең көлемде өндіреді, алайда, тыңайтқыштардың үлкен бөлігі экспортталады, ал ішкі сұраныс импорт есебінен қанағаттандырылады. Қазақстанда тұтынылатын калийлі тыңайтқыштар қазіргі уақытта толық көлемде импортталады.

Биологиялық тыңайтқыштар да жеткіліксіз пайдаланылады.

Қазақстанда жыл сайын шамамен 3,5 мың тонна пестицид өндіріледі, бұл ретте шамамен 17,5 мың тонна импортталады. Пестицидтерді тұтынудың ішкі нарық көлемі жыл сайын 21 мың тоннаға жуық құрайды және жылына 10-12 % өсу үрдісіне ие. Пестицидтерді формуляциялауды республикада шамамен 6 жергілікті кәсіпорын жүзеге асырады.

Қазіргі бар проблемаларды шешу мақсатында минералды тыңайтқыштар құнын, сондай-ақ ауыл шаруашылығы дақылдарын гербицидтермен өңдеуге жұмсалатын шығындарды арзандату бойынша мемлекеттік қолдау шараларын жалғастыру қажет.

3.5. ҚР жағдайларына бейімделуі мүмкін бар проблемаларды шешу бойынша оң шетелдік тәжірибені шолу

Тамақ өнімдерін тұтынудың қарқынды өсуімен және бір уақытта су, жер, отын-энергетика ресурстары тапшылығының артуымен әлемдік халықтың өсуі орын алуда, бұл азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуіне әкеледі. Жалпы 2020 жылға қарай әлем халқы 7,6 млрд. адам құрайды, яғни 2011 жылмен салыстырғанда 600 млн. адамға өседі. Тамақ өнімдерін тұтыну құрылымы өзгереді: етті, сүтті және сүт өнімдерін, балықты, көкөніс пен жемістерді тұтыну үлесі артады. Әлемде ауыл шаруашылығы алдында тұрған негізгі міндет өндірісті 2050 жылға қарай 70 %-ға арттыру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі өсуінің баяулай түсуімен және су ресурстарының шектеулі болуымен қиындайды. Ауыл шаруашылығы жерлерінің шөлейттену және тозу процесі жүруде. Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі – БҰҰ) Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының деректері бойынша жыртылған жерлердің үштен бірі тозуға ұшырауда, бұл 100-ден астам елдегі 1 млрд. астам адамның өмір сүруіне кері әсерін тигізеді.

1998 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (бұдан әрі – ЭЫДҰ) кіретін әлемнің дамыған елдері өкілдерінің министрлері кездесуінде аграрлық сектордағы мемлекеттік саясаттың бірлескен қағидаттары туралы келісімге қол жеткізілді, оларға сәйкес мемлекеттік саясаттың қолданылатын шаралары мынадай сипатқа ие болуы тиіс:

- 1) ашықтылық: нақты айқындалған міндеттерге, шығындарға, пайдаларға және игілік алушыларға ие болуы;
- 2) нәтижелілік: нақты айқындалған нәтижелер;
- 3) оңтайлылық: шығыстар нақты айқындалған нәтижелерге қол жеткізу үшін барынша аз қажетті болуы тиіс;
- 4) икемділік: ауыл шаруашылығында туындайтын жағдайлардың әр түрлілігін көрсету, міндеттер мен басымдықтардағы өзгерістерге ден қоюға дайын болу, сондай-ақ қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде қолданылатын болуы;
- 5) тең мәнділік: қолдауды секторлар, фермерлер мен өңірлер арасында бөлу әсерлерін назарға алу.

ЭЫДҰ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау саясаты азық-түлікке деген жылдам өсіп келе


жатқан әлемдік сұранысты, бағалардың күрт ауытқуын және жағандық нарықтардың өзгергіштігін ескеруі тиіс деп санайды. Сол ұйымның ЭЫДҰ елдерінің, сондай-ақ Бразилия, Қытай, Ресей, Украина және Оңтүстік Африканың статистикаларын талдау негізіндегі соңғы зерттеулерінің (2011 ж.) нәтижелері бойынша жасаған ұсынымдарында аграрлық саясатты әзірлеу кезінде акцентті мемлекеттік дотациялардан өндіргіштікті арттыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға арналған инвестицияларға ауыстыру ұсынылады.

Әлемнің әр түрлі елдерінің ауыл шаруашылығын қолдау тәжірибесін қорыту көптеген елдердің субсидиялауды ауыл шаруашылығы өндірісін қолдаудың шешуші құралы ретінде пайдаланатынын көрсетті. Алайда алдыңғы қатарлы ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттаушы елдер (Австралия, Жаңа Зеландия, Аргентина, Бразилия және т.б.) өндірушілерді тікелей субсидиялауды қолдамайды.

Дамыған елдерде пайдаланылатын субсидиялау жүйелерінен аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің мынадай негізгі нысандарын бөлуге болады: бағаны қолдау (АҚШ), гектар мен мал басына төлемдер арқылы табысты қолдау (ЕО елдері), тарихи табыс деңгейінің негізіндегі төлемдер арқылы табыстарды қолдау (Канада) және кредит берудің артықшылық режимдері (Бразилия). Әкімшілендіру тұрғысынан алғанда субсидиялаудың қарапайым түрі гектарға немесе мал басына төлеу болып табылады.

Экономиканың аграрлық секторын қолдау деңгейінің көрсеткіштері бойынша Қазақстан салыстырмалы көрсеткіштерде орташа деңгейде тұр. Ауыл шаруашылығын жалпы қолдау бұл жағдайда ауыл шаруашылығы құрылымдарына бюджеттен төлемдерді де, жанама қолдау шараларын да (мысалы, тарифтік қорғау) қамтиды.

15-сурет. Елдің ЖІӨ-нің үлесі ретінде а/ш жалпы қолдау, 2008 – 2010 жылдардағы орташа көрсеткіш, %



Дерек көзі: ЭЫДҰ PSE/CSE деректер базасы; Қазақстан бойынша деректер алдын ала, түпкілікті деректер OECD Review of Agricultural Policies in Kazakhstan, 2013. OECD, Paris (Қазақстанның ауыл шаруашылығы саясатын ЭЫДҰ шолуы, 2013 жыл., Париж) жарияланатын болады.

Қазіргі уақытта ДСҰ шеңберінде ауыл шаруашылығын тікелей мемлекеттік қолдау шараларынан бас тарту бойынша үрдіс басым болуда. ДСҰ мен әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарында Керн тобының елдері (Австралия, Аргентина, Жаңа Зеландия, Канада және басқалары) неғұрлым көп мәнге ие болуда, оларда ауыл шаруашылығына тікелей субсидиялардың ең төмен деңгейі бар және саланы өндірістің бәсекеге қабілеттілігін және тиімділігін өсіру есебінен дамытуда. Ауыл шаруашылығын тікелей қолдауды пайдаланбайтын Керн тобы елдерінің тәжірибесі субсидиялардан бас тартқаннан

кейінгі кезеңдегі өндіріс факторларының жиынтық өндіргіштігінің неғұрлым жоғары өсуін көрсетеді

Қазақстанға қатысты бұл әрбір ел өзінің ауыл шаруашылығын қолдау жүйесін әзірлейтінін растайды, бастысы сол қолдау өндірушілерді ынталандыруы, жер мен малдардың өнімділігін арттыруы, экспортты ынталандыруы тиіс.

Аграрлық саладағы алдыңғы қатарлы елдердің қазіргі даму үрдістерін талдау Қазақстанның АӨК одан әрі дамуы мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыру және аграрлық бизнесті дамыту үшін тең қолайлы жағдайлар жасау есебінен ауыл шаруашылығы өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағдарлануы тиіс екендігін көрсетті.

Бұдан басқа дамыған елдерде ауыл шаруашылығының жеке бағыты – органикалық өнімнің өндірісі қалыптасты. Әлемдегі органикалық өнім нарығының дамуы дәстүрлі ауыл шаруашылығы өнімдерімен салыстырғанда неғұрлым жоғары және тұрақты бағаларға қарамастан жеткілікті жоғары өсу қарқынын көрсетуде. Органикалық өндірістің отандық өнімдері әлемнің дамыған елдерінде мойындалған органикалық өндірісті сертификаттау жүйесін енгізгеннен кейін ғана шетелдік тауарларға қатысты бәсекеге қабілетті болуы мүмкін.

3.6. Агроөнеркәсіптік кешеннің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау

ҚР-да АӨК-ні дамытудың күшті жақтары қазіргі уақытта даму бағдарламаларын мемлекеттік қолдау, агротехнологияларды қолданудың жинақталған мол тәжірибесі болып табылады. АӨК-ні дамытудың әлсіз жақтары сақтау қуаттылықтарының, логистикалық қуаттылықтардың жеткілікті мөлшерінің болмауы, ғылыми-зерттеу тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды (бұдан әрі – ҒЗТҚЖ) енгізудің төмен деңгейі, ветеринариялық қауіпсіздіктің төмен деңгейі және дамудағы басқа теңгерімсіздіктер болып табылады.

6-кесте. АӨК-ні SWOT талдау

<p>Күшті жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - АӨК жалпы өнімінің тұрақты өсуі; - Қазақстан бидай мен бидай ұны өндірісінде әлемдік көшбасшы болып табылады; - Қазақстанның АӨК-сі едәуір мемлекеттік қолдау алады; - жер және су ресурстарымен қамтамасыз етілуі; - органикалық өнім өндірісі мен экспортының жоғары әлеуеті. 	<p>Әлсіз жақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - малдардың төмен өнімділігі; - өсімдік шаруашылығының негізгі дақылдарының төмен шығымдылығы; - төмен еңбек өнімділігі; - кәсіпкерлік субъектілері рентабелділігінің төмен деңгейі; - ҒЗТҚЖ төмен енгізілуі; - заманауи агротехнологиялық білімді таратудың төмен дәрежесі; - қаржыландыру және сақтандыру жүйесінің төмен тиімділігі.
	<p>Қауіптері мен тәуекелдері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - сала өніміне әлемдік бағаның ішкі және сыртқы конъюнктурасының нашарлауымен шартталған макроэкономикалық тәуекелдер; - ДСҰ-ға кіруге байланысты бірқатар өнім түрлері бойынша халықаралық нарықтардағы бәсекелестіктің өсуі; - табиғи-климаттық жағдайлардың қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де қолайсыз өзгерулері (климаттың жаһандық жылынуы және осымен байланысты шөлді және шөлейтті жерлердің артуы, су ресурстары тапшылығының артуы, ауа-райы жағдайларының тұрақсыздығы және

Мүмкіндіктері:

- бірқатар АӨК салаларында импорт алмастыруды дамыту және экспорттық әлеуетті іске асыру;
- саланы тиімді мемлекеттік қолдауды қалыптастыру;
- тауарлық балық аулауды, ІҚМ етінің экспортын, жайылымдық мал шаруашылығын, алма, майлы дақылдар және басқа өнім түрлері өндірісін дамыту.

басқалар);

- өнімді нысаналы өткізу нарықтарына дейін тасымалдау нарығының сыни тозуы және осымен байланысты жеткізу құнының қымбаттауы;
- жануарлар мен өсімдіктер ауруларының таралуы және табиғи ортаның ластануы, өсімдіктердің, жануарлардың, балықтардың, жәндіктердің зиянкес түрлерінің таралуы, бұл жер, су және басқа ресурстар қолжетімділігінің төмендеуін және жалпы сала өнімділігінің төмендеуін тудырады, ҚР АӨК экспорттық әлеуетін төмендетуі мүмкін;
- пайдаға қысқа мерзімді бағдарлану, қаржыландыру тапшылығы, ресурстарды пайдаланудың ғылыми ұсынылған нормативтерін сақтамау нәтижесінде жер, су, биологиялық ресурстар әлеуетінің, жануарлардың, өсімдіктер мен балықтардың генетикалық әлеуетінің төмендеуі;
- саланы тиімсіз мемлекеттік реттеу тәуекелі, бұл АШТӨ транзакциялық шығындардың өсуін, саланы дамытуды қолдауға бөлінген мемлекеттік қаражаттың тиімсіз пайдаланылуын, нарық сигналдарын бұрмалауды және өнімді өндіру мен тұтыну құрылымындағы қайшылықтарды тудыруы мүмкін.

Дерек көзі: Салаларды талдау

4. Негізгі тұжырымдар

Ескерту. 4-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында:

- 1) азық-түлікке артып келе жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғыртуға;
- 2) шығымдылықты елеулі өсіруге;
- 3) егістік алқаптарын ұлғайтуға;
- 4) жаңа технологияларды енгізуге;
- 5) мал шаруашылығының жемшөп базасын әлемдік деңгейде құруға;
- 6) жаппай өндіру ірі экспорт нарықтарын игеруге мүмкіндік беретін азық-түлік өнімдерінің түрлерін айқындауға;
- 7) елдің экологиялық таза өндіріс саласындағы жаһандық ойыншылар қатарына кіруін қамтамасыз ете отырып, экологиялыққа баса назар аударумен бәсекеге қабілетті ұлттық брендтер құруға;
- 8) ауыл шаруашылығында, оның ішінде қуаң өңірлерде жаңа технологияларды енгізуге;
- 9) озық технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру бойынша міндеттемелерді көздейтін ашық баға қалыптастыру және инвестицияларды тарту қағидаттарында тиімді жер нарығын құруға;
- 10) агробизнесті енгізуге, кооперация процесіне, жерді тиімді пайдалануға бөгет жасайтын кедергілерді жоюға;
- 11) ауыл шаруашылығы субъектілерінің ұзақ мерзімді қаржыландыруға және өткізу нарығына тікелей қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

12) қарыздарды кепілдендірудің және сақтандырудың тиімді жүйесін құруға;

13) ауыл шаруашылығы мен денсаулық сақтауда ғылыми зерттеулерді кеңейтуге, оның ішінде сынақтық ғылыми-инновациялық кластерлерді құруға және құрғақшылыққа төзімді гендік түрлендірілген өнімдер мәселесін зерделеуге бағытталған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі шараларды әзірлеуді тапсырған болатын.

Республиканың агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсатын белгілеу кезінде Мемлекет басшысының жоғарыда көрсетілген тапсырмалары мен сыртқы ортада және еліміздің АӨК-тегі ағымдағы жағдайлардың қалыптасқан түйінді үрдістері ескерілді:

1) экстенсивті дамыту мүмкіндіктерінің аяқталуы орын алды, бұл азық-түлікке артып келе жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жаңғыртуды қажет етеді;

2) алдағы ДҰС-ға кіру және КО шеңберіндегі қызмет жағдайларында, халықаралық сауданы, көлік және коммуникация құралдарын белсенді дамыту, өнім стандарттарын көтеру, тұтынушылар қалауының өзгеруі кезінде бәсекеге қабілеттілігіне және онымен тікелей байланысты еңбек өнімділігі, АШТӨ-нің экономикалық тиімділігі, өнім сапасы мен оның маркетингі мәселелеріне қойылатын талаптар бірінші кезекке қойылады;

3) өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы субсидиялауды қоса алғанда, саланы қаржылық сауықтыру, АШТӨ үшін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін ветеринариялық, фитосанитариялық қауіпсіздік және сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттік қамтамасыз етуді дамыту, жер қатынастары, техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында АӨК салаларын мемлекеттік қолдау жөніндегі бірқатар жүйелі шаралар талап етіледі.

Бағдарламаның мақсаттарын іске асыру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және ведомстволық бағынысты ұйымдардың күш-жігерін мынадай бағыттарға жұмылдыру қажет.

Өсімдік шаруашылығы.

Өсімдік шаруашылығы саласын дамыту дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген ылғал-ресурс үнемдеуші технологияларына көшу, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және қазір пайдаланылмайтын жерлерді тарту жолымен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін арттыруға бағытталатын болады.

Бұл ретте егістік алаңдарын әртараптандыру жалғастырылатын болады, ол майлы, жемшөп, бақша сияқты және басқа басым ауыл шаруашылығы дақылдарына арналған егіс алаңдарын ұлғайтуды болжайды.

Егіс алаңдарын белгіленген ғылыми-негізделген ауыспалы егістерге сәйкес келтіру қажет.

Өсімдік шаруашылығында өнімділікті арттыру мақсатында минералдық тыңайтқыштарды, өсімдіктерді қорғау құралдарын, тұқымдар мен көшеттерді сатып алу кезіндегі шығындарды субсидиялау түрінде ауыл шаруашылығы өндірушілерін мемлекеттік қолдау жалғастырылатын болады.

Суармалы егіншілік салалардың қолайсыз табиғат жағдайларына тәуелділігін төмендетуге, тұрақты ауыл шаруашылығы өндірісін және ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты суармалы жер алаңдарын қалпына келтіру және су үнемдеу (тамшылатып және жаңбырлатып суару) технологияларын қолдану кезінде инвестициялық субсидиялау тетігін енгізу жөніндегі жұмыс жүргізілетін болады.

Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аудару қажет, өйткені дәнді дақылдар ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау құрылымында неғұрлым үлкен үлеске ие.

Элеваторлар мен астық тасығыштардың жетіспеушілігі проблемасын астықты өңдеу мен сақтауға, сондай-ақ оны тасымалдауға арналған қуатты құру және кеңейту есебінен шешу керек.

Мал шаруашылығы.

Мал шаруашылығы саласында ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру және АШТӨ-ні етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмысты жалғастыру қажет. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін асыл тұқым базасын дамыту және мал мен құстың генетикалық әлеуетін арттыру бойынша жұмысты, оның ішінде одан әрі репродукциялау үшін асыл тұқымды малдарды импорттау есебінен жалғастыру қажет.

Дәстүрлі мал шаруашылығы салаларын дамыту үшін жайылымдық мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын дамытуды ынталандыратын іс-шаралар кешені қабылданатын болады.

Сондай-ақ шағын және орта фермаларды және отбасылық үлгідегі шаруашылықтарды құру бойынша жұмыс күшейтілетін болады.

Мал шаруашылығы үшін мықты жемшөп базасын құру жөнінде бірқатар шаралар қабылданатын болады. АШТӨ-нің шахталы және құбырлы құдықтарды салу және қалпына келтіру кезінде жайылымдарды суландыруға; жемшөп дақылдарын өсіруге арналған суармалы жүйені сатып алу және енгізу кезінде; мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындарының қажеттілігін сапалы және құнарлы жемшөптермен қамтамасыз ету үшін жемшөп зауыттарын салуға салған инвестициялық салымдарының бір бөлігі өтелетін болады.

Мал шаруашылығында еңбек өнімділігін арттыруға, қуаң аймақтарда ауыл шаруашылығы жануарларын суаруды қамтамасыз ету үшін суды сақтау жүйесін енгізуге бағытталған заманауи технологиялар енгізілетін болады.

Өңдеу өнеркәсібі.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында отандық өнім сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының түр-түрін кеңейту және сол арқылы КО бойынша негізгі сауда әріптестерімен бәсекелестікке тең жағдайлар жасау үшін өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарақтау, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып қалуда.

Осы арада, мемлекеттік органдардың стратегиялық құжаттарына техникалық реттеу, сауда, бәсекелестікті қорғау, ақпарат, кеден және шекара қызметтері мәселелерінде түзетулерді жүргізу қажет. Отандық тамақ және өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің ішкі нарығын ұлғайту және сыртқы нарығын кеңейту мақсатында мүдделі уәкілетті органдармен ынтымақтастықта ішкі нарықты импорттық тауарлардың жасырын демпингінен қорғау; техникалық реттеу саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейту; отандық тамақ өнімдерін басым сатып алу бөлігінде заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз ету; отандық өнімдерді сауда желілерінің сөрелеріне жеткізу тетігін жетілдіру; сауда-логистикалық инфрақұрылымды дамыту; отандық өнімді сыртқы нарықтарға шығару; аралас салаларды дамыту; ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу бойынша шаралар қабылдау қажет.

Ветеринария және фитосанитария.

Ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамытуға ерекше назар аудару қажет. Жоспарланып отырған ДСҰ-ға кіру АШТӨ-ден азық-түлік қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарына сәйкес келетін сапалы және қауіпсіз өнімді жеткізуді талап етеді. Осыған байланысты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңберінде заңнамалық базаны жетілдіру мәселесін пысықтау қажет, малдардың аурулары қарсы күрес стратегиясын қайта қарап, ауруларға бақылау, қадағалау және мониторингтеу үшін ықпалдастырылған кеңейтілген ақпараттық жүйесі бар зертханалардың тармақталған желісін құру керек. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ауылдар деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Фитосанитария саласында аса қауіпті организмдермен күресудің заманауи қауіпсіз әдістерін енгізу жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізу қажет.

Агробизнес жүргізуге, кооперация процесіне, тиімді жер пайдалануға бөгет болатын кедергілерді жою.

Мемлекет басшысының кәсіпкерлерге мемлекеттік бақылау мен қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру, оларға әкімшілік қысым көрсетуді азайту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында мемлекет тарапынан жүргізілетін тексерістерді жоспарлауды жүйелендіру мен азайту жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Отандық инвесторлар үшін де және шетелдіктер үшін де ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жалға беру мерзімін ұзарту, сондай-ақ ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану мәселесі пысықталатын болады.

Мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру.

«Агробизнес-2020» бағдарламасының бағыттарын нақтылау АӨК басым бағыттарын дамыту жөніндегі шебер-жоспарларда көзделеді.

Импортқа тәуелділікті азайту және отандық АӨК өнімдерінің экспортын ұлғайту жөнінде Бағдарлама көрсеткіштеріне қол жеткізу шебер-жоспарларды іске асырудың негізгі мақсаты болып табылады. Шебер-жоспарлар Бағдарламаның жылдар бойынша және олардың мамандануын ескере отырып, өңірлер бөлісінде жоспарлы көрсеткіштерін (оның ішінде) жан-жақты бөлуді көздейтін болады.

Жергілікті атқарушы органдардың шебер-жоспарларда бекітілген көрсеткіштерге қол жеткізуін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі тұрақты негізде ресми сайтта тиісті

ақпаратты орналастыру арқылы жұртқа жеткізеді.

Бұдан басқа табиғи-климаттық жағдайларды, өткізу нарығы мен өңірлердің даму әлеуетін ескере отырып, ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты түрлерін өндіру үшін ауыл шаруашылығы жерлерін оңтайлы пайдалану бойынша өңірлерді мамандандыру енгізілетін болады. Өңірлерді мамандандыруды енгізу ескерілген егіс алқаптарының жоспарлы құрылымы осы Бағдарламаға 1-қосымшада ұсынылған.

Өңірлерді мамандандыру схемасы АӨК-те мемлекеттік саясатты сараланған түрде және неғұрлым тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын беру қағидалары өңірлерді мамандандыру схемасын ескере отырып, түзетіледі және өңірлерді мамандандыру схемасы шеңберінде ұсынылмайтын ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауды кезең-кезеңмен тоқтатуды көздейтін болады.

Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар аудандар бөлінісінде өңірлерді мамандандыру схемасына сәйкес 2016 жылға дейін дайындау кезеңін көздейтін ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауға; мамандандыру схемасының тиісті ұсынымдарына 50 %-ға сәйкес келетін ауыл шаруашылығы өндірісін 2017 жылдан бастап 2019 жылға дейін субсидиялауға, ал 2020 жылдан бастап толығымен өңірлерді мамандандыру схемасына сәйкес ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялауға кезең-кезеңмен ауысу жоспарларын әзірлеп, аумақтарды дамыту бағдарламаларына енгізетін болады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен тетіктері әзірленетін болады.

Озық технологияларды енгізуді ынталандыру және отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту мақсатында қолданыстағы қолдау шараларымен қатар жеке дақылдарды тікелей субсидиялаудан жеңілдетілген қаржыландыру арқылы қолдауға біртіндеп көшуді (кредиттер және лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, қаржы ұйымдары алдындағы АШТӨ қарыздарын кепілдендіру жүйесін және сақтандыру жүйесін енгізу), сондай-ақ жобаларды іске асыру кезінде инвестициялық субсидиялауды көздеу қажет. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының қаржылық тұрақсыздығын болдырмау және олардың қысқаруына жол бермеу мақсатында аталған кәсіпорындарды қаржылық сауықтыруды жүзеге асыру қажет.

Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру қажет. ДСҰ-ға кіру, сондай-ақ КО мен Бірыңғай экономикалық кеңістіктегі мүшелік аясында отандық АШТӨ-ге тең жағдайларды қамтамасыз ету үшін жоспарланып отырған кезеңде мемлекеттік қолдау деңгейін ықпалдастыру процестері шеңберінде тиісті келісілген көрсеткіштерге дейін жеткізу қажет.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары және нәтижелерінің көрсеткіштері

Ескерту. 4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750; 29.10.2015 № 860 қаулыларымен.

Бағдарламаның негізгі мақсаты ҚР АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу үшін мынадай төрт бағыт бойынша жұмыс жүргізілетін болады:

1. Қаржылық сауықтыру.
2. АӨК субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру.
3. АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамыту.
4. АӨК-ні мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру.

Бағдарламаның нысаналы индикаторлары:

- 1) АӨК субъектілерін субсидиялау есебінен ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау көлемін 2020 жылға қарай 4,5 есе арттыру;

2) АӨК субъектілерінің борыштық жүктемесін қарыздарды қайта қаржыландыру және қайта құрылымдау есебінен жалпы сомасы 500 млрд. теңгеге кемінде 9 жылға ұзарту;

3) кредиттер мен лизингтің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шаралар есебінен АӨК-ге тартылған мемлекеттік емес кредиттік қаражат көлемін 2013 – 2020 жылдары 2 трлн. теңгеге дейін жеткізу;

4) карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдер таралуының қауіптілік коэффициенті 2020 жылға қарай 0,88;

5) мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесі 2020 жылы – 0,4 %;

6) электрондық пішімге көшірілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үлесі 2015 жылға қарай – 62 %.

4.1 Қаржылық сауықтыру

Ескерту. 4.1-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750; 29.10.2015 № 860 қаулыларымен.

АӨК субъектілерінің төлем қабілеттілігін жақсарту, кредиттік жүктемесін төмендету және банкрот тәуекелдерін барынша азайту мақсатында қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру, сондай-ақ АӨК субъектілерін бар берешектерін өтеуге қаржыландыру жолымен бір реттік қаржылық сауықтыру шараларын қабылдау қажет.

7-кесте. АӨК-ні қаржылық сауықтыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша мерзімдері ұзартылған міндеттемелердің сомасы, млрд. теңге	150	150	200					
2	АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шеңберінде қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау көлемі, млрд. теңге	7,9	14,7	20,1	26,6	21,9	17,6	12,7	7,7

Қаржылық сауықтыру АӨК субъектілерінің меншік иелері, кредит берушілер мен мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау шараларының көлемдері бойынша бірлескен және тең өлшемді тепе-теңдік бастамада жүргізілуі тиіс.

Кредит берушілер: АӨК субъектілерінің қаржылық міндеттемелерін қайта құрылымдауды (сыйақы ставкасын төмендету, кредиттерді қайтару мерзімдерін ұзарту, негізгі қарызын қайтару бойынша жеңілдік кезеңін ұсыну, айыппұлдарды, өсімпұлдарды, мерзімі өткен сыйақыны есептен шығару, басқа шаралар арқылы), АӨК субъектілерін бар берешектерін өтеуге қайта қаржыландыруды және қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

АӨК субъектілерінің меншік иелері: кредит берушілер алдындағы міндеттемелерді толық өтегенге дейін пайданың бір бөлігін қатысушылар арасында бөлмеу, қосымша капиталдандыру,

инвесторларды тарту, кредит берушілерге қаржылық сауықтыру шарттарын орындау бойынша толық жәрдем көрсету жолымен және басқа да шаралармен қолдау көрсетеді.

Мемлекет, кредит берушілер мен меншік иелерінің қатысуына қарай қаржылық агент арқылы негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы құралдарды толықтыруға қаржылық сауықтыруға жататын кредиттер және/немесе лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды ұсына отырып, оны түпкілікті төлеуші – АӨК субъектісі үшін төмендету арқылы қолдауды жүзеге асырады.

Сондай-ақ осы қағидаларда АӨК саласындағы шаруашылық субъектілері арасында пайда болған берешектер бойынша қаржылық сауықтыру мәселелері реттелетін болады.

АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыруды өткізу ұйымдастырылған капитал нарықтарынан қаржы агенті тартқан қаражат, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады. Бұл ретте, қаржылық агент тартқан қаражат басқа да кезек күттірмейтін міндеттерге пайдаланылуы мүмкін.

Қаражаттың (соның ішінде субсидиялардың) тиімді пайдаланылуын және қаржылық сауықтыру көрсеткіштері мен нәтижелеріне қол жеткізуді бақылау қаржылық агент және уәкілетті орган тарапынан жүзеге асырылады.

4.2. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Аталған бағыт шеңберінде мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) өсімдік шаруашылығындағы тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

2) астық сақтау бойынша қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру;

3) АШТӨ үшін судың экономикалық қолжетімділігін арттыру;

4) мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

5) ауыл шаруашылығы шикізатын тереңдетіп қайта өңдеу үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

6) қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

7) басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру;

8) білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді шешу үшін АӨК салаларын субсидиялау табиғи-климаттық жағдайларды, өткізу нарықтарының болуын және өңірлерді дамыту әлеуетін ескере отырып әртараптандырылып жүргізілетін болады. Осыған байланысты өңірлер бөлінісінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің ресурстық әлеуетін бағалау және ауыл шаруашылығын субсидиялау жүйесінің тиімділігін талдау жүргізіледі.

Бұдан басқа, ҚР азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары мен тетіктері әзірленеді.

4.2.1. Өсімдік шаруашылығындағы тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

4.2.1.1. Егістік және бау-бақшалық жұмыстардың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Өсімдік шаруашылығы секторының тартымдылығын арттыру мақсатында АШТӨ үшін егіс және бау-бақшалық жұмыстардың экономикалық қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін АШТӨ-нің

жеміс							114	150	350
-------	--	--	--	--	--	--	-----	-----	-----

4.2.1.2 Тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыру

АШТӨ-ні өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды жүргізуге ынталандыру мақсатында минералды тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыруға бағытталған мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру болжанады.

2017 жылдан бастап ашық және жабық топырақтағы көкөніс дақылдарын, бақша және жеміс дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттар құнын арзандату жоспарлануда.

9-кесте. Тыңайтқыштардың, гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған минералды тыңайтқыштар көлемі, мың тонна	231,2	255,8	269,2	303,0	334,5	360,6	386,6	412,7
2	Субсидиялаумен қамтылған сатып алынған гербицидтер көлемі, мың литр	27 873,0	30 713,9	30 956,7	31 279,0	31 371,7	31 524,9	31 728,4	31 928,5
3	Егістердің жалпы алқаптарымен салыстырғанда биоагенттермен (энтомофагтармен) өңделген алқаптарды қамтылуы, %	29,0	30,5	33,6	37,6	67,5	68,3	69,0	69,3

4.2.1.3. Жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің тұқымдары мен екпелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Республиканың астық нарығының дамуы ғылыми негізделген нормалар бойынша қажетті көлемде дәнді дақылдардың тұқым шаруашылығының дамуын ынталандырды. Сонымен қатар, қатты бидай, сыра қайнатуға арналған арпа, бұршақ, жарма, майлы дақылдар, қант қызылшасы тәрізді дақылдар бойынша элиталық тұқым өндірісінің деңгейі оларға деген қажеттілікті толық қанағаттандырмайды.

Сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектілерді, әсіресе ұсақ тұқымды дақылдардың тұқым шаруашылығы бойынша субъектілерді материалдық-техникалық жарақтандыру проблемасы бар. Тұқым шаруашылығы жүйесін ұйымдастырудың және көбейтуге берілген тұқымдар санының жеткіліксіздігі салдарынан оларды селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміне енгізгеннен кейін өндіріске жіберілген жаңа сорттар мен гибридтердің баяу енуі байқалады.

Питомник шаруашылығы жүйесін қалпына келтіру, питомниктерді техникалық және технологиялық

2	Субсидиялау есебінен жүргізілген шитті мақта сапасын айқындауға арналған сараптамалар саны, мың бірлік	56	130	128	126	126	129	132	132
---	--	----	-----	-----	-----	-----	-----	-----	-----

4.2.1.5. Тұқымның сорттық және егістік сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының түсімділігін ұлғайту және сапасын арттыру мақсатында тұқымдардың, оның ішінде, отандық АШТӨ егуіне арналған тұқымдардың сорттық және егістік сапасын сараптауды қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

12-кесте. Тұқымның сорттық және егістік сапасын сараптаудың экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

P/c №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Тұқымдардың сапасын айқындауға арналған зерттеулер саны, мың дана	330,4	330,4	330,4	330,4	330,4	330,4	330,4	330,4

4.2.1.6. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру
Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру жөніндегі қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында сақтандыру компаниялары төлеген сақтандыру төлемдерін субсидиялау нысанында АШТӨ-ні мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Сақтандыру төлемдерін субсидиялаудан сақтандыру сыйақысын субсидиялауға көшудің мақсатқа лайықтылығы туралы мәселе зерделенетін болады.

13-кесте. Өсімдік шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

P/c №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Сақтандырумен қамтылған егіс алаңдарының үлесі, %	73	74	74	80	85	90	95	100

4.2.2. Астық сақтау бойынша қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру
Ескерту. 4.2.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

2013 – 2014 жылдар кезеңінде астық сақтау инфрақұрылымын дамыту мақсатында сыйымдылықтардың барынша тапшылығын бастан кешіп отырған негізгі астық өндіруші өңір Солтүстік Қазақстан аумағында астық сақтауға арналған жаңа қуаттылықтар салу жүзеге асырылатын болады. Осыған байланысты, қолданыстағы қуаттылықтар кеңейтіледі және жаңа астық сақтау қоймалары салынады.

Астық нарығына мемлекеттің қатысуын күшейту мақсатында, сондай-ақ астық экспортының батыс және оңтүстік бағыттарын дамыту үшін елдің оңтүстік және батыс өңірлеріне астықты қайта тиеу үшін жаңа қуаттылықтар салу жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, қолда бар астық сақтау қуаттылықтарын жаңғырту, оның ішінде негізгі құралдарды жаңарту, сүрлемдік корпустардың құрылыс конструкцияларын күшейту, сондай-ақ технологиялық қайта жаңарту жүргізілетін болады. 2011 – 2012 жылдары елде жалпы қуаттылығы 1005,5 мың тонна 71 астық сақтау объектісі, соның ішінде 884,5 мың тонна АШТӨ меншікті қаражатының есебінен және 121 мың тонна «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ қатысуы кезінде пайдалануға енгізілді

Қазақстандық астықтың экспорттық әлеуетін ұлғайту мақсатында 2020 жылға дейін астықты батыс бағытында тиеп-жөнелту қуаты ұлғайтылатын болады.

Қытайдың өсіп келе жатқан халқын және тұтыну құрылымының бидайдан жасалған өнімдерді тұтынудың ұлғаюына қарай өзгеруін ескерсек, Қытай нарығы Қазақстан үшін барынша перспективалы болып табылады. Сонымен бірге Қытай Қазақстан астығын Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне және осы бағыттағы басқа да елдерге экспорттау үшін транзиттік мемлекет болуға қызығушылық танытады. Осыған байланысты, астық экспортын ынталандыру үшін шығыс бағыттағы астық терминалының құрылысы жүргізілетін болады.

Қазіргі уақытта астық сақтау қуаттылықтарына деген өз қажеттілігіміздің өсуімен қатар Ислам ынтымақтастық ұйымының Азық-түліктік өзара көмек қорын (бұдан әрі – Қор) құрумен және осы мақсаттарға ҚР аумағында 2 млн. тоннаға дейін астықтың стратегиялық қорын қалыптастырумен байланысты қазақстандық астықты сатып алуға араб әлемі елдерінің тарапынан жоғары қызығушылық бар.

Осыған байланысты, 2015 – 2020 жылдар кезеңінде мемлекеттік астық сақтау қуаттылықтарын кемінде 2 млн. тоннаға дейін жеткізген және ұстаған, Қор табысты жұмыс істеген жағдайда 3 млн. тоннаға дейін жеткізген жөн болмақ.

14-кесте. Астық сақтау бойынша көрсетілетін қызметтердің физикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Қолданыстағы астық қоймаларын кеңейту және жаңаларын салу, сондай-ақ жалпы сақтау сыйымдылығы 700 мың тонна жаңа астық терминалдары мен астық қоймаларын салу және жарақтау, қуаттылықтарды пайдалануға енгізудің үлесі, %	28,6	71,4	-	-	-	-	-	-

4.2.3. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге судың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.3-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

Су пайдаланудың бекітілген лимиті шегінде ауыл шаруашылығы дақылдарын суару үшін су беру жөніндегі қызметтерді алғаны үшін су пайдаланушылардың шығындарын өтеу мақсатында АШТӨ-ге мемлекеттік қолдау жалғасатын болады.

Су пайдаланушылардың суды үнемдеу технологияларына ауысуын ынталандыру мақсатында суды беру бойынша қызметтер құнын субсидиялау тетігі суармалы судың шаршы метріне субсидия мөлшерін есептеу әдістемесін өзгерту бөлігінде жетілдірілетін болады.

Бұдан басқа, әкімшілік рәсімдерді төмендету және су мөлшерін қолжетімді бағамен алуды

жеңілдету мақсатында АШТӨ су беру бойынша қызметтер құнын субсидиялауды тікелей су берушілерге беру жоспарланады. Бұл су шаруашылығы ұйымдарының гидромелиоративтік жүйелерін тиісті күтіп-ұстау бойынша іс-шаралардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

15-кесте. АШТӨ-ге судың экономикалық қолжетімділігін арттыру

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Субсидиялауға жататын су көлемі, млн. м ³	7686	7781	7810	7786	6826	5924	5986	6000

4.2.4. Мал шаруашылығындағы және тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.4-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

4.2.4.1. Малды күтіп-бағудың және мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.4.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Мал шаруашылығы саласын дамыту және АШТӨ-ні өндірісті технологиялық қайта жаңғыртуға ынталандыру, сондай-ақ өндірілетін мал шаруашылығы өнімдерінің көлемі мен сапасын арттыру мақсатында мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жалғастыру көзделеді.

Мал шаруашылығы үшін берік жемшөп базасын құру үшін шахталы және құбырлы құдықтарды салу және қалпына келтіру жолымен жайылымдарды суландыруға, жемшөп дақылдарын өсіру үшін суару жүйелерін сатып алуға және енгізуге, мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы кәсіпорындарының қажеттілігін сапалы және теңгерімді жемшөптермен қамтамасыз ету үшін құрама жем-шөп зауыттарын салуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің инвестициялық салымдарының бір бөлігі өтелетін болады.

Мал шаруашылығында жаңа заманауи технологиялар енгізілетін болады, атап айтқанда, еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған технологиялық жабдықтарды сатып алу және енгізу, ауыл шаруашылығы жануарларын суаттармен қамтамасыз ету үшін қуаңшылық аймақтарында суды сақтау жүйелерін енгізу.

«Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру малды бордақылау инфрақұрылымын, фермерлік шаруашылықтарды құру және ірі қара малдың аналық мал басын ұлғайту жөніндегі нысаналы көрсеткіштерге сәйкес жалғастырылатын болады.

Отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ірі, шырынды, құнарлы жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандатуға берілетін субсидиялау жүзеге асырылатын болады.

16-кесте. Малды күтіп-бағудың және мал шаруашылығы өнімдері өндірісінің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020

1	Субсидиялаумен қамтылған агроқұрылымдардағы ІҚМ-нің аналық басының саны, мың бас	360,0	358,0	479,0	622,3	791,5	992,7	1233,1	1521,3
2	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген сиыр етінің көлемі, мың тонна	28,2	34,0	37,6	41,5	46,2	52,0	59,6	69,7
3	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген сүт, қымыз және шұбат көлемі, мың тонна	235,3	235,6	281,3	306,3	29,6	266,4	215,5	258,1
4	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген қой етінің көлемі, мың тонна	3,0	5,2	7,4	8,5	9,9	11,7	13,9	16,8
5	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген жылқы етінің көлемі, мың тонна	4,4	5,3	6,9	10,0	13,4	17,2	21,4	26,2
6	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген шошқа етінің көлемі, мың тонна	25,5	27,6	27,3	26,4	24,9	28,0	31,8	35,9
7	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген құс етінің көлемі, мың тонна	126,2	138,8	152,7	168,0	184,8	203,3	223,6	245,9
8	Құрама және құнарлы жемшөптерді арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілген	2205,8	2303	2157	1999	1831	1650		1500

4	жөніндегі шығындарды арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілетін тауарлық жұмыртқаның көлемі	млн. дана			1 165,9				
5	Ірі, шырынды, құнарлы жемшөп пен жемшөп қоспаларын дайындау және сатып алу жөніндегі шығындарды арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілетін шошқа етінің көлемі	мың тонна			11,0				
6	Өндіру құнын арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілетін тауарлық жұмыртқаның көлемі	млн. дана			701,8				
7	Өндіру құнын арзандатуға берілетін субсидиялаумен қамтылған өндірілетін құс етінің көлемі	мың тонна			20,9				

4.2.4.2. Асыл тұқымды өнімнің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.4.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Асыл тұқымды малдардың үлес салмағын арттыру, етті малдың гендік қорын, сондай-ақ АШТӨ-дегі ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігі сапасын қалпына келтіру және ұлғайту мақсатында отандық және шетелдік селекцияның асыл тұқымды өнімдерін сатып алу үшін АШТӨ-ні мемлекеттік қолдау жалғасатын болады.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығы жануарларының сапалық құрамы мен тұқымдық сапасын жақсартумен айналысатын АШТӨ-ге асыл тұқымды аналық мал басын және асыл тұқымды тұқымдық бұқаларды күтіп-бағу, селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу, сондай-ақ бордақылау алаңдарына бұқаларды сату бойынша шығындарын субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін болады.

Мемлекеттік қолдау қой шаруашылығын, жылқы шаруашылығын, түйе шаруашылығын және құс шаруашылығын дамытуға да қолданылатын болады, бұл ауыл шаруашылығы жануарларының жалпы табынындағы асыл тұқымды мал басының үлесін ұлғайту үшін жағдай жасайды және олардың өнімділігін арттырады.

Отандық құс фабрикаларына асыл тұқымдық материал (тәуліктік балапан және инкубациялық жұмыртқа) сатып алу бойынша қолдау көрсетілетін болады.

Асыл тұқымды мал шаруашылығын субсидиялау 2011 жылы басталған ІҚМ етінің экспорттық әлеуетін арттыру жөніндегі жобаны одан әрі іске асыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Аталған жобаны іске асыру шеңберінде репродуктор шаруашылықтарын, бордақылау алаңдарын және етті малды көбейту жөніндегі фермерлік шаруашылықтар құру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

5	шағылыстыру үшін пайдаланылатын, ұстауға субсидиялаумен қамтылған етті тұқымды асыл тұқымды бұқалардың саны, мың бас	1	2	3	4	5	5	5	5
6	Субсидиялаумен қамтылған ауыстырып салынған эмбриондар саны, мың дана	1,1	2	3	4	5	5	5	5
7	Жасанды ұрықтандыруға субсидиялаумен қамтылған ұрық дозаларының саны, мың доза	285	266	334	406	484	567	657	804
8	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған тәуліктік балапандар (етті бағыттағы) саны, мың бас	287	308	363,5	419,1	423,7	426,7	429,2	433,8
9	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған тәуліктік балапандар (жұмыртқа бағытындағы) саны, мың бас	737	876	905	934	983	990	1017	1044
10	Сатып алынатын инкубациялық жұмыртқа саны, мың дана	4381,0	4436	4580	4821	4855	4984	5120	5120
11	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған қойлардың асыл тұқымды төлдерінің саны мың, бас	135,6	149,2	186,5	186,5	204,0	218,5	227,6	227,6
12	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған маралдардың асыл тұқымды төлдерінің саны, мың бас	0,2	0,2	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3
13	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған шошқалардың асыл тұқымды төлдерінің саны, мың бас	6,5	7,2	9,0	9,0	9,8	10,5	10,9	10,9
	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған жылқылардың								

14	асыл тұқымды төлдерінің саны, мың бас	3,5	3,9	4,9	4,9	5,3	5,7	5,9	5,9
15	Сатып алынған, субсидиялаумен қамтылған түйелердің асыл тұқымды төлдерінің саны, мың бас	0,4	0,5	0,6	0,6	0,7	0,7	0,7	0,7
16	Қой шаруашылығында асылдандыру жұмысын жүргізуге субсидиялаумен қамтылған ҰМ басының саны, мың бас	1077	1185	1481	1480	1619	1735	1807	1807

17-1-кесте. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер есебінен бөлінген қаражат шеңберінде асыл тұқымды өнімдердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Ескерту. 17-1-кестемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Р/с№	Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезең							
			2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге берілетін субсидиялаумен қамтылған ірі қара мал басының саны	мың бас			296,6					

4.2.4.3. Тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Қазақстанда тауарлы балық өсіруді (акваөсіруді) дамыту мақсатында барынша бағалы балық түрлері есебінен тауарлы балық өсіру көлемін ұлғайту және балықтың түр-түрін кеңейту үшін жағдайлар жасалатын болады.

Тауарлы балық өсіру өндірісінің 2020 жылға дейінгі әлеуеті 15 мың тоннаға бағаланады.

Тауарлы балық өсіруді қолдау мен дамыту үшін құнды балық түрлерінің асыл тұқымды толықтырушы-аналық балықтар табынын ұстауға субсидиялар енгізілетін болады.

18-кесте. Тауарлы балық өсірудегі тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020

1	Субсидиялаумен қамтылған құнды балық түрлерінің асыл тұқымды толықтырушы-аналық табынының тірі салмағы, кг	-	-	-	4 105	20 540	149 255	163 565	290 500
---	--	---	---	---	-------	--------	---------	---------	---------

Тауарлы балық өсіруді дамыту жөніндегі іс-шараларды іске асыру және белгіленген нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін тауарлы балық өсіру саласындағы заңнаманы жетілдіру қажет.

4.2.4.4. Мал шаруашылығындағы сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру Шет елдердің ойдағыдай қолданылып жатқан тәжірибесін ескере отырып, ауыл шаруашылығы жануарларын сақтандырудың экономикалық қолжетімділігін арттыру бойынша мәселе пысықталатын болады.

4.2.5. Ауыл шаруашылығы шикізатын терең өңдеу өнімдерінің өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу саласын дамыту, өндірілетін өнім сапасын арттыру мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеумен және дайын өнім өндірумен байланысты шығындарды субсидиялау арқылы мемлекеттік қолдау көзделеді.

Мемлекет тарапынан жасалатын осы қолдау отандық өңдеу кәсіпорындарын Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЕАЭО) елдерінің кәсіпорындарымен тең жағдайға қоюға мүмкіндік береді. Нәтижесінде бәсекеге қабілетті өнім өндірісі көлемінің ұлғаюы, ішкі тұтытудағы сүттің, қант қызылшасының және жүгері дәнінің терең өңдеу өнімдері бойынша импорт үлесінің қысқаруы және кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметіне оң әсер етуі күтіледі, бұл тұтас алғанда, АӨК-тің өңдеу саласын дамытуға да оң әсерін тигізеді.

19-кесте. Ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу өнімдерінің өндірісі үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Ескерту. 19-кестеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Субсидиялаумен қамтылған өндірілген өнім көлемі, мың тонна, оның ішінде:								
	- құрғақ сүт	-	3,2	3,4	3,7	3,9	4,2	4,5	4,8
	- сары май	-	15,7	17,2	18,9	20,8	22,9	25,2	27,7
	- ірімшіктер	-	7,0	7,4	7,7	8,1	8,5	8,9	9,4
	- қызылшадан алынған қант	-	51,6	54,1	57,4	61,8	67,3	72,4	-

- крахмалдық сірне	-	-	-	25,3	33,7	33,7	33,7	33,7
--------------------	---	---	---	------	------	------	------	------

4.2.6. Қаржылық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.6-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

4.2.6. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.6.1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Агробизнесі тұрақты жүргізу үшін АӨК субъектілеріне (ауыл шаруашылығы техникаларының лизингін қоса алғанда) негізгі құралдарды сатып алуға және айналымдағы қаражатын толықтыруға қаражат қажет, олар негізінен қаржы институттарының қарыз қаражаты есебінен тартылады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігінен (табиғат жағдайларына тәуелділік, экономиканың басқа салаларымен салыстырғандағы төмен өнімділік және рентабельділік) қаржы институттары АШТӨ-ге жоғары сыйақы ставкаларымен қысқа мерзімді кредиттер береді.

Осылайша, ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2006 – 2011 жылдар кезеңінде АӨК субъектілеріне берілген кредиттер бойынша орташа пайыздық сыйақы ставкасы 12-16 %-ды, ал экономиканың басқа секторларында 10-13 %-ды құрайды.

Нәтижесінде АӨК субъектілері негізгі және айналым қаражатты толықтыруға арналған кредиттер бойынша жоғары сыйақы төлейді, бұл өнім бірлігін өндірудің өзіндік құнының артуына әкеліп соқтырады және оның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

АӨК субъектілері үшін қаржылық жүктемені төмендету проблемасын шешу мақсатында АӨК субъектілеріне (соның ішінде дәнді, майлы және бұршақты дақылдар өндірумен айналысатын) берілген лизинг пен кредиттер бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау көзделетін болады.

Ауыл шаруашылығының техникамен жарақтануының қазіргі деңгейі оның тиімді дамуын тежеуде. Осының барлығы маусымдық ауыл шаруашылығы жұмыстарын жүргізу мерзімдері мен сапасына теріс әсер етеді. Қажетті техникасының, жабдықтарының жоқтығынан, арзан және ұзақ мерзімді кредит ресурстарына қанағаттанарлықсыз қолжетімділіктен АӨК субъектілері ауыл шаруашылығы өнімін өндіру мен қайта өндеуде оңайлатылған технологияларды қолдануға мәжбүр. Ауыл шаруашылығы техникасының, қосалқы бөлшектердің, жабдықтардың жоғары құны, банктік кредиттердің/лизингтердің қысқа мерзімділігі АШТӨ басым көпшілігіне негізгі құралдарын жаңартуға мүмкіндік бермейді.

Негізгі құралдарды сатып алуға бағытталатын кредиттік қаражаттың негізгі көлемі ЕДБ-нің және лизингтік компаниялардың қарыз (тартылған) және меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Кредиттің/лизингтің 12-15 % орташа сыйақы ставкасын ескере отырып, шаруа 7-9 жылда іс жүзінде жабдықтың/техниканың екі құнын төлейтіні шығады. Бұл ретте, АШТӨ-ге берілген кредиттер бойынша ЕДБ белгілейтін қайтару мерзімдері ауыл шаруашылығы өндірісінің ерекшелігіне сәйкес келмейді, салымдардың ұзақ өтелуімен айрықшаланады.

Осыған байланысты, аграрлық секторда берілген кредиттердің 42 %-ы «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес акционерлік қоғамдарына келетін ахуал қаржылық нарықта қалыптасқан.

ЕДБ-нің, микрокредиттік ұйымдардың және кредиттік серіктестіктердің АӨК жобаларын қаржыландыруға аз қатысуы оларда ұзақ мерзімді қорландыру көздерінің жоқ болуымен және саланың жоғары кредиттік тәуекелдерімен түсіндіріледі.

Аталған проблеманы шешу үшін Германия тәжірибесін қолдану және АӨК субъектілері үшін қолайлы шарттармен АӨК жобаларын одан әрі қаржыландыру үшін ЕДБ-ні қорландыруға «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның қаржы институттарын пайдалану ұсынылады.

Осылайша, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның қаржы институттары АӨК субъектілеріне тікелей кредит беруді кезең-кезеңмен қысқартады, меншікті және тартылған қаражат негізінде ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдарды және кредиттік серіктестіктерді қорландыруды жүзеге асырады. Бұл дамыған филиалдық желісі бар банктік инфрақұрылымды пайдалана отырып, қаржыландыруға қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ АӨК субъектілеріне тіркелген қолайлы мөлшерлеме бойынша ұзақ мерзімге қарыздар, сондай-ақ банктік көрсетілетін қызметтердің толық спектрін алуға

мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша пайыздық ставканы субсидиялау жөніндегі іс-шараларды іске асыру үшін мемлекеттік қолдаудың осы түрі бойынша оператор ретінде жұмыс істейтін ұйым тартылатын болады.

20-кесте. Кредиттер мен лизингтің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Лизингті қоса алғанда, сыйақы ставкаларын субсидиялау есебінен АӨК субъектілеріне берілген кредиттер сомасы, млрд. теңге	100	326,6	457,3	600,3	747,2	886,8	951,0	1 020,9
2	ЕДБ-ні, микрокредиттік ұйымдарды және кредиттік серіктестіктерді қорландыру есебінен АӨК субъектілері алған кредиттер сомасы, млрд. теңге	3	5	8	12	14	16	18	20
3	Ауыл шаруашылығы техникасының жалпы паркіндегі жаңартылған ауыл шаруашылығы техникасының үлесі, %, оның ішінде								
	5-8 тартым сыныбының тракторлары		49,9	47,0	44,4	42,0	39,8	37,8	36,0
	3 және төмен тартым сыныбының тракторлары		55,8	51,0	47,0	43,1	39,7	36,6	33,9
	астық жинау комбайндары		56,6	52,2	48,4	44,8	41,6	38,7	36,1
	егу кешендері және сепкіштер		48,7	44,8	41,6	38,4	35,6	33,1	30,9

4.2.6.2. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қаржы институттары алдындағы қарыздарын сақтандыру және кепілдендіру арқылы кредиттердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Қазіргі уақытта АӨК шағын және орта субъектілерінің шамамен 30 %-ы тиісті өтімділігі жоғары кепілзатын қамтамасыз етудің жоқ болуынан және сенімсіз қаржылық жағдайынан қаржыландыруға қол жеткізе алмауда.

Дәл осы проблеманы аграрлық өндірістегі жеке инвестициялардың тәуекелдерін төмендету үшін қарыздарды мемлекеттік кепілдендіру мен сақтандыруды енгізу жөніндегі міндетті қоя отырып, Мемлекет басшысы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында айтты.

Осыған байланысты, АӨК субъектілері үшін кредит ресурстарының қолжетімділігін және АӨК-ні

белсенді қаржыландыру процесіне қаржы институттарын тартуды қамтамасыз ету мақсатында АӨК субъектілерінің қаржы институттары алдындағы қарыздарын сақтандыру және кепілдендіру жүйесі енгізілетін болады.

21-кесте. АӨК субъектілерінің қаржы институттары алдындағы қарыздарын сақтандыру және кепілдендіру арқылы кредиттердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары						
		2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Қаржы институттары АӨК субъектілеріне қарыздарды сақтандыру және кепілдендіру жүйесі арқылы берген кредиттер сомасы, млрд. теңге	105,9	142,2	182,4	223,1	270,2	322,1	375,1

4.2.7. Басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.7-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

Азық-түлікке өсіп жатқан жаһандық сұранысты ескере отырып, ауыл шаруашылығын ауқымды жандандыру шеңберінде Қазақстанның АӨК-сін дамытудың басты міндеттерінің бірі жаңа өндірістік қуаттар салуға не қолданыстағыларын кеңейтуге инвестициялар тартуды ынталандыру арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлемін ұлғайту болып табылады. Қазіргі уақытта «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының жеңілдікпен кредит беру өнімдері бар және мемлекеттік қолдау бағдарламалары шеңберінде негізгі және айналым қаражатын толықтыруға арналған кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өтеу қолданылады.

Сонымен бірге, көрсетілген құралдар ауыл шаруашылығы субъектілерін АӨК-нің басым салаларында инвестициялық жобаларды іске асыруға белсенді ынталандыру үшін жеткіліксіз.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында инвестициялық жобалардың капитал сыйымдылығын және өзін-өзі ақтау мерзімдерін төмендету үшін АӨК-нің басым секторларында жаңа өндірістік қуаттар салуға не қолданыстағыларын кеңейтуге бағытталған инвестициялық салымдар кезінде шығыстарды (құрылыс-монтаждау жұмыстары, жабдықтар, ауыл шаруашылығы және арнайы техникалар сатып алу) ішінара өтеу түріндегі мемлекеттік қолдау енгізілетін болады. Жылдар бойынша сандық көрсеткіштері көрсетілген инвестициялық субсидияларды бөлу үшін басым инвестициялық бағыттардың тізбесі осы Бағдарламаға 2-қосымшада ұсынылған.

22-кесте. Басым инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Жылдар						
		2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Инвестициялық субсидиялау есебінен тартылған инвестициялар көлемі, млрд. теңге	100	115,3	73,4	77,9	66,8	69,2	73,1

4.2.8. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелері мен консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру

Ескерту. 4.2.8-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Агробизнес субъектілеріне АӨК-дегі заманауи технологиялар мен озық ғылыми әзірлемелерге қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында отандық аграрлық ғылым жүйесін реформалау бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Реформалаудың түпкілікті мақсаты АӨК-де білімді генерациялау мен бәсекеге қабілетті инновацияларды таратудың орнықты жүйесін құру болып табылады.

Отандық аграрлық ғылымды реформалаудың негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

1) ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші және экспорттаушы жетекші елдердің үлгісі бойынша салалық және ЖОО ғылымы арасындағы тығыз өзара іс-қимылға, ғылыми-зерттеу ұйымдары мен агробизнес субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл жасаудың тиімді тетіктерін қолдана отырып әлемдік ғылыми жүйеге ықпалдасуға бағдарланған ауыл шаруашылығы зерттеулерін басқарудың жаңа жүйесін құру;

2) ұлттық ауыл шаруашылығы зерттеулері жүйесін мемлекеттік қаржыландыруды технологиялық көшбасшы елдердің деңгейіне дейін – саланың жалпы өнімінен кемінде 0,1 %-ға жеткізу;

3) аграрлық ғылымға дарынды жастарды тартуға және неғұрлым перспективалық ғылыми қызметкерлердің әлеуетін кәсіби іске асыру үшін жағдайлар жасауға ықпал ететін жаңа кадрлық саясат;

4) зерттеулердің сапасын арттыру, АӨК дамытудың басым бағыттары бойынша меншікті технологиялық платформаларды қалыптастыру мақсатында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-эксперименталдық ұйымдардың инфрақұрылымын кезең-кезеңмен жаңғырту.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерінің нәтижелігін, тиімділігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында отандық аграрлық ғылым мен білімді реформалау және дамыту мақсатында іс-шараларды қаржыландыру бойынша мемлекет қажетті жағдайлар жасайтын болады.

АӨК салаларын ғылыми қамтамасыз ету проблемаларын шешу және жүргізілетін зерттеулердің шашыраңқылығын болдырмау, міндеттер қоюда кешенді тәсіл қолдану, АӨК саласындағы ғылыми зерттеулерді бірыңғай үйлестіру үшін Аграрлық ғылым жөніндегі ұлттық ғылыми кеңес құру жоспарлануда.

Үздік әлемдік баламаларға сәйкес келетін нәтижелері бар АӨК саласындағы озық білімдерді генерациялау мен таратудың жаңа ғылыми-инновациялық жүйесін қалыптастыру үшін халықаралық деңгейдегі пәнаралық ғылыми білім беру кешенін құру бойынша жұмыс жалғастырылады.

ҒЗТҚЖ нәтижелерінің практикада қолданылуын арттыру және оларды АӨК субъектілерінің іс жүзіндегі қажеттіліктеріне бағдарлау мақсатында зерттеулердің тақырыптамаларын қалыптастыру кезінде зерттелетін тақырыптамаға кешенді тәсілді, нәтижелерді тәжірибеге енгізуді және қажетті біліктілігі бар ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі іс-шараларды көздейтін ғылыми-техникалық бағдарламалар іске асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығында қолданбалы зерттеулерді агробизнес субъектілерінің ортақ қаржыландыруын ынталандыру жөніндегі ұсыныстар әзірленетін болады.

Ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру тиімділігінің негізгі критерийі қойылған нәтижелерге қол жеткізуге агробизнестің ең қолайлы қатысуы арқылы олардың идеядан коммерциялау сатысына дейін жеткізілуі болып табылады.

Зерттеулердің нәтижелерін тиімді коммерциялауға дейін жеткізу мақсатында тәжірибелік және эксперименталдық жұмыстардың әдістері мен ғылыми зерттеулердің нәтижелеріне сынақтар, тәжірибелі тексерулер жүргізілуі қажет. Бұл үшін өндіріске жаңа технологияларды енгізу бойынша шаралар шеңберінде ғылыми ұйымдар зертханаларының аспаптық жиынтығын жаңарту жөніндегі іс-шаралар іске асырылады, Қазақстан Республикасында перспективалық және пайдалануға рұқсат етілген отандық сорттар мен гибридтердің бастапқы тұқым шаруашылығын дамыту үшін селекциялық-тұқымдық техниканы жаңарту бойынша шаралар іске асырылған болатын, өйткені аграрлық ғылымның ғылыми-зерттеу инфрақұрылымының моральдық ескіруі орын алуда.

Өсімдік шаруашылығындағы өнімділіктің тұрақтылығын арттыру мақсатында қуаң өңірлерде ресурсты үнемдеу және нөлдік технологияларды әзірлеу және енгізу бойынша зерттеулер көзделетін

болады.

Өндірісті экологиялық таза және қауіпсіз өнімдермен қамтамасыз ететін органикалық егіншілік қағидаттарында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп өсіру бойынша зерттеулер жүргізілетін болады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптарын арттыру мақсатында «жасыл» экономикалық тиімді агротехнологияларды әзірлеу бойынша зерттеулер жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының жоғары өнімді сорттары мен будандарын құру бойынша және оларды өсірудің қарқынды технологиясын әзірлеу бойынша зерттеулер ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін жоғарылатуға бағытталатын болады.

Ауыл шаруашылығындағы ғылыми зерттеулерді кеңейту жөніндегі шаралар шеңберінде қуаңшылыққа төзімді гендік түрлендірілген дақылдардың (бидай, мақта, соя, рапс, жүгері) мәселелерін зерделеу бойынша зерттеу жүргізілетін болады. Жануарларды жемшөппен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қуаңшылыққа төзімді жемшөптік дақылдар іріктеледі.

Инновациялық қызметті дамыту және технологиялық жаңартуға жәрдемдесу мақсатында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін ұзақ мерзімді перспективада арттыруға бағытталған нысаналы технологиялық бағдарлама іске асырылатын болады. Бағдарламаны іске асыру ғылымның, мемлекет пен бизнестің өзара іс-қимыл жасауына негізделген.

АӨК-те жаңа озық ғылыми-технологиялық бағыттарды іске асыру шеңберінде нысаналы технологиялық бағдарламалар тетігі арқылы технологиялық болжау қорытындылары бойынша мынадай сыни технологиялар: топырақтың құнарлығын молайту, прогрессивтік суару жүйелері, мал шаруашылығын қарқынды дамыту технологиялары, ауыл шаруашылығы шикізатын терең қайта өңдеу технологиялары, инженерлік энзимология, жасушалық және гендік селекция, жасушалық және молекулярлық инженерия, биопрепараттар жасау технологиялары, өнімнің биоқауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері дамытылады.

АӨК бойынша нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыру индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын және индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдауды іске асыруға қатысатын уәкілетті орган нысаналы технологиялық бағдарламаларды және басқаларды іске асыру тетігін әзірлеу бойынша жұмыс жүргізгеннен кейін ғана басталады.

Білім беру қызметтері мен аграрлық ғылым нәтижелерінің экономикалық қолжетімділігін арттыру мақсатында жаңа технологиялар мен отандық әзірлемелерді енгізу тетіктері, соның ішінде, агротехнологияларды коммерцияландыру және трансферттеу, білім тарату жүйелері қызметтерімен АӨК субъектілерін қамтуды кеңейту арқылы жетілдіріледі.

Кадрмен қамтамасыз ету саласында кадр даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жүргізіледі, сондай-ақ Ұлттық біліктілік жүйесін енгізу бойынша жұмыстар жалғасады.

АӨК өндірістік ұжымдарында кәсіптік стандарттарды енгізуді және оларды түзету бойынша ұсыныстарды жинақтауды жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Аграрлық мамандықтар бойынша кәсіптік стандарттарға сәйкес білім беру стандарттары жаңартылады. Жұмыс берушілердің қатысуымен тәуелсіз агроөнеркәсіптік кешен мамандарының біліктілігін сертификаттау орталығы құрылады.

64 ел мен ұйымнан 15 халықаралық ғылыми-зерттеу орталықтарын қамтитын Халықаралық ауыл шаруашылығы зерттеулерінің кеңестік тобымен (бұдан әрі – ХАШЗКТ) шетелдік агротехнологияларды алу (трансферт), генетикалық материалмен алмасу, мамандарды озық технологияларға, халықаралық ғылыми ортадағы әдістемелерге және ықпалдасуға оқыту саласында ынтымақтастықты дамыту жоспарлануда.

АӨК субъектілері мен мемлекеттік құрылымдар, аграрлық ғылым мен кәсіптік білім беру жүйесі арасында тиімді кері байланысты қолдау мақсатында білім тарату жүйесінің шеңберінде АШТӨ-ге тегін консультациялық көмек көрсету жалғастырылады.

23-кесте. Білім беру қызметтерінің, аграрлық ғылым нәтижелерінің және консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020

1	АӨК-те практикада қолданылатын отандық ғылыми әзірлемелер саны, бірлік	0	0	17	20	22	24	26	28
2	Білімді тарату жүйесінің қызметтерімен қамтылған АӨК субъект тілерінің саны, адам	2375	10 65	11 535	12 855	14 300	15 570	17 190	20 510
3	Агротехнологиялар трансферті мен коммерцияландыру жөнінде іске асырылған инновациялық жобалардың саны, бірлік	2	12	15	18	214	24	27	30

4.3. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қамтамасыз ету жүйелерін дамыту
Ескерту. 4.3-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Осы бағыт шеңберінде мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр:

- 1) фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту;
- 2) ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту.

4.3.1. Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту

Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында заманауи жабдықтарды қолдана отырып, карантиндік, ерекше қауіпті және зиянды организмдердің дамуы мен таралуының мониторингін уақтылы жүргізу, олардың таралу болжамын жасау, карантиндік зиянды организмдердің таралу ошақтарын оқшаулау мен жою жөніндегі және зиянды және ерекше қауіпті организмдерге қарсы күресу жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін олардың таралу координаталарын айқындау қажет.

Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту үшін өсімдіктер карантині және аумақтың фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасау процестерін біріздендіру мен стандарттауды қамтамасыз етудің әлемдік тәжірибесін және қалыптасқан практикасын ескере отырып, фитосанитариялық тәуекелді жүйелі талдауды (бұдан әрі – ФТТ) жүргізу қажет. Алайда, қазіргі таңда Қазақстан Республикасында ФТТ жүргізу функциялары тапсырыс негізінде жүзеге асырылады, жүйелі зерттеулер жүргізілмейді. Осыған байланысты, өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі үш мемлекеттік мекеменің (Республикалық карантиндік зертхана, Интродукциялық-карантиндік жеміс-жидек дақылдары питомнигі және Интродукциялық-карантиндік дәнді дақылдар питомнигі) бар болуын ескере отырып, осы ұйымдарды біріктіру және қайта ұйымдастырылған мемлекеттік мекеменің функцияларын кеңейту бойынша жұмыс жүргізілетін болады. Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарын арттыра және еңбекақы төлеуді тиісінше көтере отырып, осы мемлекеттік мекемеге ғылыми-әдістемелік мәртебе беру бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Зиянкестерді, арамшөптерді және өсімдіктер ауруларын зерттеу зертханаларын заманауи, мысалға, амплификатор сияқты жабдықтармен жарақтау жөніндегі нормативтер әзірленетін болады.

Өсімдік карантині бойынша іс-шараларды жүргізу және аса қауіпті зиянды организмдердің күтпеген жаппай таралуын жоюға арналған пестицидтер (ядохимикаттар) қорын сапалы және қауіпсіз сақтау мақсатында қажетті нормалар мен талаптарға сәйкес қойманы жобалау және кейіннен салу бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

«E-Agriculture» бірыңғай автоматтандырылған басқару жүйесі пысықталып, фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы бірыңғай ықпалдастырылған ақпараттық жүйесімен толықтырылатын болады.

Ерекше қауіпті зиянды организмдерге қарсы күресудің қауіпсіз әдістерін енгізу мақсатында мақта, көкөніс, жеміс, жүзім мен басқа дақылдардың қауіпті зиянкестеріне қарсы биологиялық күресу әдісін енгізуге арналған нормативтер әзірленетін болады.

АШТӨ, өсімдіктердің биологиялық алуан түрлілігі және табиғи мекендеу орындары, сондай-ақ экожүйелер үшін карантиндік, ерекше қауіпті және зиянды организмдерден төніп тұрған көптеген жерлердегі және күшейіп келе жатқан қатерлер республиканың өсімдіктерді қорғау және карантині

қызметі үшін басты проблема болып қалуда. Жаңа зиянды организмдер тұрақты түрде өзгеруде немесе белгілі зиянды организмдер климаттағы өзгерістерге байланысты неғұрлым көп таралуда және залал келтіруде, сондықтан да карантиндік, ерекше қауіпті және зиянды организмдерге қарсы күресу жалғастырылатын болады.

Елдің фитосанитариялық салауаттылығының күтілетін өзгерісін сипаттайтын негізгі индикативтік көрсеткіш карантиндік және ерекше қауіпті зиянды организмдердің таралу ауданының көрсеткіштері, химиялық өңдеулерді жүргізу ауданы және оның тиімділігі болып табылады.

Химиялық өңдеу тиімділігін жыл сайын 0,2 %-ға арттыру кезінде карантиндік және ерекше қауіпті зиянды организмдердің таралу қаупінің коэффициенті 2020 жылға қарай 0,88-ді құрайды.

Сондай-ақ, фунгицидтерді сатып алуға арналған АШТӨ шығындарын ықтимал субсидиялау бөлігінде өсімдік ауруларына қарсы күреске бағытталған іс-шараларды қаржыландыру рәсімін қайта қарау мәселесін пысықтау қажет.

24-кесте. Фитосанитариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Карантиндік және аса қауіпті зиянды организмдердің таралу қаупінің коэффициенті	1,02	1,00	0,98	0,96	0,94	0,92	0,90	0,88

4.3.2. Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту

Ескерту. 4.3.2-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен

Ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінің негізгі басы жеке қосалқы үй шаруашылықтарында, ұсақ тауарлы, фермерлік және кооперативтік шаруашылықтарда шоғырланған қазіргі заманғы республиканың мал шаруашылығын дамыту жағдайларында инфекциялық және инвазивтік ауруларды жою проблемасының өзектілігі едәуір өсті.

Ветеринариялық саланың проблемаларын толыққанды шешуге республика, өңірлер (соның ішінде жеке фермерлік шаруашылықтар) ауқымында жануарлардың инфекциялық және жаппай жұқпалы емес ауруларының алдын алу, профилактикасы және жою, сондай-ақ осы саладағы ветеринариялық бақылау мен қадағалауды күшейту жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу ықпал етеді.

Мемлекеттегі тұрақты эпизоотиялық ахуал республиканың ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуетін дамытудың негізі болып табылады. Сондықтан да ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамытудың негізгі мақсаты ел аумағының орнықты ветеринариялық-санитариялық салауаттылығын қамтамасыз ету және түпкі тұтынушы, яғни адам үшін тамақ өнімінің қауіпсіздігі болып табылады.

25-кесте. Ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін дамыту жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Өндірісі халықаралық стандарт бойынша сертификатталған ветеринариялық препараттарды пайдалана отырып, жануарлардың ерекше қауіпті ауруларына диагностикалық зерттеулер үлесі, %	7	20	65	80	80	80	80	80

2	Өндірісі халықаралық стандарт (соның ішінде GMP-стандарты) бойынша сертификатталған жануарлардың ерекше қауіпті ауруларына қарсы қолданылатын иммундық-профилактикалық ветеринариялық препараттар үлесі, %	25	30	40	67	70	70	70	70
3	Мониторингтік зертханалық зерттеулерге ұшырайтын тамақ өнімдерінің үлесі, %		0,13	0,18	0,22	0,27	0,32	0,36	0,40

Осы көрсеткіштерге қол жеткізуді жүйелі диагностикалық, емдеу-профилактикалық және жою іс-шараларын жүргізу есебінен, сол сияқты осы іс-шараларды жүргізу тиімділігін жақсартуға бағытталған жаңа бастамалар және жалпы ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру есебінен жүзеге асыру жоспарлануда.

Қазіргі уақытта Халықаралық эпизоотиялық бюро (бұдан әрі – ХЭБ) мақұлдаған және келіскен ҚР ветеринариялық қызметін ұзақ мерзімді дамыту стратегиясы әзірленді, оның шеңберінде ХЭБ ұсынымдарын ескере отырып, жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы эпизоотияға қарсы ветеринариялық іс-шараларды өткізу стратегиясын қайта қарауға бағытталған іс-шаралар көзделген. Бұл үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдарды тарта отырып, жануарлардың аса қауіпті ауруларын (аусыл, бруцеллез, құтыру, эхинококкоз және басқалары) бақылау, алдын алу, жою жөніндегі кешенді жоспарлар әзірленетін болады. Бұдан басқа, осы іс-шараларды жоспарлау ел аумағын аймақтауды ескере отырып, эпизоотиялық қадағалау жүйесін енгізумен, енжар және белсенді бақылауды, математикалық модельдеу мен болжауды (бұдан әрі – ГАЖ-бағдарлама) қосумен қатерлерді талдау, бағалау және басқару қағидаттарына негізделетін болады. Бұдан басқа, жануарлардың аса қауіпті ауруларына, соның ішінде бруцеллезге қарсы ерекше иммунитеттік алдын алуды пайдалану мүмкіндігі көзделетін болады. Аусылға қарсы вакцинациялау алдын алу шарасы ретінде іске асырылады және осы ауру таралған немесе көршілес қолайсыз елдерден әкелу қаупі болған жағдайда буферлік аймақты айқындау жолымен одан әрі таралуын алдын алуға бағытталатын болады. Сондай-ақ аумақ бойынша инфекция қоздырғышының айналымын айқындау үшін жалпы ел бойынша аусыл вирусының құрылымдық емес ақуызының болуына серологиялық мониторинг көзделген. Қажет болған жағдайда, вакцинациялаумен осы әкелуден бос аумақ мәртебесін алу үшін республиканың барлық өңірлерінде сезімтал жануарларды вакцинациялау жүргізілетін болады. Сондай-ақ осы стратегияның шеңберінде Орталық Азия өңірінде аусылды бақылау жөніндегі ХЭБ үйлестіру орталығы және елдің бенефициарларына арналған вакциналар банкі құрылады.

Зертханалық жүйеде ХЭБ ұсынатын зерттеу әдістеріне көше отырып, сынамаларды математикалық дұрыс іріктеу жүйесін енгізу және диагностикалық зерттеулерді жарақтандыруды және мамандарының біліктілігін ескере отырып аудандық деңгейде жүргізу есебінен диагностикалық зерттеулер санын оңтайландыру жүргізіледі.

Бұдан басқа, алдын алу іс-шараларын жүргізу тиімділігінің негізіне отандық биоөнеркәсіпті кезең-кезеңімен дамыта отырып, халықаралық, соның ішінде GMP/GLP стандарттарына сәйкес келетін ветеринариялық диагностикалық және иммундық алдын алу препараттарын пайдалану жүйесі қаланады, оған әлемнің алдыңғы қатарлы өндірушілері қатысатын болады.

Сондай-ақ, мамандандырылған инсинераторларды жергілікті деңгейде, әрбір аудан орталығында және ауылдық округте пайдалана отырып, биологиялық қалдықтарды, жануарлардың өлекселерін, ветеринариялық препараттарды және диагностикалық материалдарды жоюдың халықаралық практикасы енгізіледі.

Қосымша ветеринариялық-санитариялық профилактикалық, диагностикалық және жою іс-шараларын сәтті жүргізу үшін ветеринариялық ұйымдарды (мемлекеттік ветеринариялық зертханалар, эпизоотияға қарсы жасақтар, ветеринариялық станциялар және пункттер) материалдық-техникалық жабдықтау, сондай-ақ ветеринария саласындағы объектілерді салу (ветеринариялық зертханалар, ветеринария бойынша референттік орталық үшін зертханалық корпус, ветеринариялық препараттардың мемлекеттік қорын сақтау үшін арнайы қойма құрылыстары, виварийлер және басқалар) жоспарланып отыр.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жүйесін жолға қою, жануарлардан алынатын өнімнің мониторингін және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін оның жоқ болуына жануар

иесінің жауапкершілігін арттыра отырып, мал иесіне рәсімді мемлекеттік қаражат есебінен ақысыз негізде жүргізу көзделеді. Бұдан басқа, бірдейлендіруге арналған бұйымдарды, құралдар мен атрибуттарды ICAR тіркелген АШТӨ-ден орталықтандырылған сатып алу жөніндегі функцияларды бекітіп беру жолымен процессінгік орталықтың рөлі күшейтіледі. Ақпараттық жүйелерді енгізумен ветеринариядағы процестерді тиімді басқару, өнімді «фермадан үстелге дейін» қағидатының негізінде өмірлік циклінің жалпы тізбегі бойынша бақылау және байқау мүмкін болады.

ҚР Мемлекеттік шекарасында инспекциялық бақылауды күшейту үшін мамандандырылған өткізу пункттерін (жануарларға арналған өткізу пункттері, жануарлардан алынған өнім мен шикізатқа арналған пункттер) айқындау және оларды материалдық-техникалық жарақтау талап етіледі.

Тамақ өнімдерін өндіру объектілерінде, мал шаруашылығы объектілерінде ветеринариялық-санитариялық бақылауды қатерлерді айқындау тәсілдері мен әдістерін ескере отырып жүргізу талап етіледі. Тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қалдық заттардың болуына тамақ өнімдерінің мониторингі жүргізілетін болады, бұл түпкі тұтынушы үшін мал шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігін арттырады.

Ветеринариялық ғылымдағы проблемаларды шешу үшін ХЭБ, ФАО және жалпы әлем бойынша жетекші ғылыми-зерттеу ветеринариялық орталықтарымен ынтымақтастық жөнге келтіріледі және ветеринариялық ғылыми ұйымдарды заманауи жабдықпен материалдық-техникалық жарақтандыру жүргізіледі.

Бұдан басқа, осы бағдарлама шеңберінде ұлттық тізілімді құру, біліктікті жоғарылату курстарын, соның ішінде шетелде ұйымдастыру мүмкіндігімен ветеринариялық мамандарды даярлауға, халықаралық тәжірибені ескере отырып, оқыту бағдарламаларын қайта қарауға және тренингтер мен экстенши-курстар үшін халықаралық сарапшыларды тартуға ерекше назар аударылады. Ветеринариялық қызметтің тартымдылығын арттыру үшін жалақы деңгейін көбейту және ветеринариялық қызметкердің әлеуметтік мәртебесін көтеру бойынша жұмыс жүргізіледі.

Ұлттық нормативтік блокты халықаралық талаптармен үйлестіру үшін ветеринариялық заңнаманы ХЭБ және ФАО ұсынымдарын ескере отырып жетілдіруге ерекше назар аударылады, онда өткізілетін жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың қауіпсіздігі үшін кәсіпкерлік субъектісінің жауапкершілігін арттыру көзделеді. Осы жұмыс шеңберінде «фермадан үстелге дейін» қағидаты бойынша ветеринариялық-санитариялық бақылау белгіленеді.

Сондай-ақ мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға жататын объектілердің орнын ауыстыру, зооантропоозондық аурулардың пайда болуы туралы және шектес мемлекеттердегі эпизоотиялық ахуалдың нашарлауы туралы уақытылы ақпараттандыруды қоса алғанда, мүдделі мемлекеттік органдармен, халықаралық ұйымдармен және қоғамдық бірлестіктермен үйлестіру күшейтіледі.

4.4. Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу жүйелерінің тиімділігін арттыру Ескерту. 4.4-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Осы бағыт шеңберінде мынадай міндеттерді шешу жоспарланып отыр:

- 1) ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру;
- 1-1) суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалау тиімділігін арттыру;
- 2) АӨК субъектілерін ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін дамыту;
- 3) ауыл шаруашылығы дақылдарын мемлекеттік сорттық сынау тиімділігін арттыру;
- 4) АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін дамыту;
- 5) ауыл шаруашылығындағы техникалық реттеу жүйесін дамыту;
- 6) АӨК-дегі мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру;
- 7) органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін және айналымын дамыту үшін жағдайлар жасау.
- 8) ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту;
- 9) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастық деңгейін арттыру.

4.4.1. Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды және тиімді пайдалануды қамтамасыз ету және олардың құнарлылығын арттыру жолдарының бірі олардың агрохимиялық жай-күйін нақты бақылау болып табылады.

Топырақты агрохимиялық байқап тексеру 2000 жылдан бастап жүргізілуде. 2000 – 2011 жылдары 19,1 млн. гектар немесе республиканың егістік жерлерінің ауданынан 78 % байқап тексерілді.

Топырақтар құнарлылығының агрохимиялық жай-күйін бақылау үшін топырақты агрохимиялық байқап тексеруді белгілі циклмен жүргізу қажет, ол ҚР үшін суармалы егіншілік жағдайларында бес жылда бір рет және бағара (суарылмайтын) егіншілік жағдайларында жеті жылда бір рет жүргізуді құрайды.

Мұндай циклдік байқап тексерудің бірінші турын аяқтауды жеделдетуге және құнарлылық деңгейі бойынша базалық көрсеткіштерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Алайда, агрохимиялық байқап тексерудің 1,5 млн. гектардан артық емес аудандағы қолданыстағы жыл сайынғы көлемі мұндай циклділікті сақтауға мүмкіндік бермейді.

Көрсетілген циклділікке қол жеткізу үшін 3,5 млн. гектардан кем емес аудандағы топырақты жыл сайын агрохимиялық байқап тексеруді қамтамасыз ету қажет.

26-кесте. Ауыл шаруашылығына агрохимиялық қызмет көрсету тиімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Егістік жерлерін агрохимиялық байқап тексеру ауданы, млн. га	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5	3,5

Топырақ құнарлылығының агрохимиялық мониторингін жүргізу критерийлерінің бірі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің агрохимиялық жай-күйі туралы ақпараттық дерекқорды жүргізу және егістік жерлердің гумуспен, қоректі заттардың жылжымалы нысандарымен қамтамасыз етілуінің агрохимиялық картограммаларын құру болып табылады. Картограммалар негізінде минералдық тыңайтқыштарды ұтымды пайдалану және топырақ құнарлылығын сақтау жөніндегі ұсынымдар әзірленеді.

Дерекқор және агрохимиялық картограммалар топырақ құнарлылығының сақталуын 5-7 жылдан кейін қайталама тексеру кезінде бақылау негізі болып табылады.

Алдағы уақытта топырақты агрохимиялық байқап тексеру жөніндегі қорытындыларды жерді пайдалану және қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға беру жоспарлануда, олардың негізінде инспекторлар жер учаскесін топырақ құнарлылығының айтарлықтай төмендеуін туындайтын пайдаланған жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді алып қоюға дейінгі әкімшілік сипаттағы шаралар қабылдайтын болады.

4.4.1-1 Суармалы жерлердің мелиоративтік жағдайын мониторингтеу мен бағалау тиімділігін арттыру

Суармалы жерлердің өнімділігін арттыру және оларды ұтымды пайдалану үшін олардың жай-күйіне тұрақты мелиоративтік мониторинг қажет.

Қазіргі уақытта суармалы жерлердің жалпы алаңының 70 %-ы мониторингпен қамтылған. Барлық суармалы жерлерді мелиоративтік мониторингпен қамти отырып зерттелетін жерлер алаңын кеңейту қажет.

1	Неғұрлым өнімді және құнды сорттарды анықтау жөніндегі сорттық тәжірибелер саны, бірлік	6725	6725	6725	6725	6725	6725	6725	6725
---	---	------	------	------	------	------	------	------	------

4.4.4. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін дамыту

АӨК субъектілері үшін мемлекеттік қызметтер көрсету жүйесін дамыту мақсатында мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру және мемлекеттік органдардың халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қызметтер көрсету бойынша қызметін жандандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру

Қазіргі заманда мемлекеттік билік органдары әлемде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды халыққа қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында кеңінен пайдалануда.

Қазақстан аумағының үлкен екенін және ауылдық елді мекендер арасы қашық екенін ескере отырып, онда жаңа компьютерлік технологияларды қолдану АШТӨ-нің және ауыл тұрғындарының еңбек шығындарын төмендету үшін қажетті болып табылады.

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы саласында тек екі қызмет ішінара автоматтандырылған, бұл ҚР АШМ көрсететін барлық мемлекеттік қызметтерден 4 %-ды құрайды.

Тиісінше, мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта көрсету аясын кеңейтуді дамытудың Қазақстанда үлкен әлеуеті бар.

29-кесте. Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Электрондық форматқа көшірілген мемлекеттік қызметтер үлесі, %	55 (20 қызмет)	28 (10 қызмет)	17 (6 қызмет)					

Мемлекеттік қызметтерді халыққа қызмет көрсету орталықтарына беру

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі неғұрлым маңызды міндеттердің бірі билік өкілдерінің қызметтер алушылармен байланыстарын жою, сондай-ақ «жалғыз терезе» қағидатын пайдалана отырып, тұтынушы үшін қызметті алу процесін жеңілдету болып табылады.

30-кесте. Мемлекеттік қызметтерді Халыққа қызмет көрсету орталықтарына беру жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Р/с №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Халыққа қызмет көрсету орталықтарына	22 (8 қызмет)	14 (5 қызмет)						

берілген мемлекеттік қызметтердің үлесі, %									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

4.4.5. Ауыл шаруашылығында техникалық реттеу жүйесін дамыту

Ескерту. 4.4.5-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750; 29.10.2015 № 860 қаулыларымен.

Адамның өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін өнімнің қауіпсіздігін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бизнеске қысымды төмендету, нарыққа импорттық өнімнің түсуін шектеу мақсатында техникалық регламенттер қабылданған.

Техникалық регламенттер тұтынушылар үшін тұтынылатын өнім қауіпсіздігінің кепілі, ал өндірушілер, импорттаушылар мен өткізушілер үшін біріншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттің талаптарын толық қамтитын құжат болып табылады.

ЕАЭО-да АӨК саласындағы интеграциялық процестерді тереңдету және жеделдету мақсатында КО-ның 7 техникалық регламенті бекітілді, ЕАЭО-ның тағы 6 техникалық регламентін қосымша әзірлеу қажет.

ЕАЭО-ның техникалық регламенттері кедендік аумақта тікелей қолданылады және барлық бес ел үшін бірыңғай талаптар белгілейді. ЕАЭО-ның техникалық регламенттері қабылданған соң, осы техникалық регламенттің талаптарын сақтай отырып өндірілген өнімдерді ЕАЭО аумағы бойынша қандай да бір шектеусіз, құжаттарды қосымша растаусыз және қайта ресімдеусіз өткізуге болады.

Техникалық регламенттердің талаптарын орындау үшін халықаралық және еуропалық стандарттармен үйлестірілген, кейіннен мемлекетаралық стандарттар етіп қайта пысықталатын АӨК өнімдерінің түрлеріне арналған стандарттардың бірыңғай тізбелері қалыптастырылған.

Сондай-ақ республикалық ветеринариялық зертханалардың сынау зертханаларын АӨК өнімдерін бірдейлендіру үшін қажетті жабдықтармен және қосалқы материалдармен жарақтауды жүргізу қажет.

31-кесте. Ауыл шаруашылығында техникалық реттеу жүйесін дамыту жөніндегі нысаналы көрсеткіш

Ескерту. 31-кесте жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 29.10.2015 № 860 қаулысымен.

Р/с №	Көрсеткіш атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	АӨК өнімдерінің ЕАЭО техникалық регламенттеу жүйесімен қамтылу үлесі, %	58,3	75	83,3	91,7	100	-	-	-

4.4.6. Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру

Мемлекет басшысының мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру, сондай-ақ кәсіпкерлерге АӨК-дегі мемлекеттік органдар тарапынан тексерулерді жоспарлауды жүйелендіру және олардың санын азайту бөлігінде әкімшілік қысымды төмендету мақсатында ҚР АШМ мыналарды жоспарлап отыр:

Алдын алу-профилактикалық сипаттағы шаралардың тиімділігін арттыру:

1. алдын алу-профилактикалық сипаттағы шаралардың тиімділігін арттыру бұзушылықтарды анықтаған кезде бақылау – қадағалау жүйесінің акценттерін әкімшілік жазаларды салудан нұсқамалар беруге көшіруді көздейді.

2. нұсқамаларды қолдану бақылау және қадағалау субъектілеріне бұзушылықтарды нұсқамада

белгіленген мерзімдерде уақытылы жоюға және тиісінше әкімшілік жаза салудан құтылуға мүмкіндік береді.

32-кесте. Алдын алу-профилактикалық сипаттағы шаралардың тиімділігін арттыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

P/c №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Өсімдік шаруашылығы және фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін берілген нұсқамалардың орындалу үлесі	85	87	88	89	90	91	92	95
2	ҚР ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін берілген нұсқамалардың орындалу үлесі	86	88	89	90	91	92	93	96

тәуекелдерді басқару жүйесін ескере отырып, бақылау-қадағалау субъектілерін тексерулер жоспарына енгізу процесін автоматтандыру

Қазіргі уақытта тексерулер жоспары тәуекелдерді басқару жүйесін ескере отырып жасалады, яғни тексерулерді жүргізу критерийлері айқындалған, бақылау және қадағалау субъектілері тәуекел топтары бойынша бөлінген, әрбір тәуекел тобы үшін тексерулер жүргізу кезеңділігі айқындалған.

Сонымен бірге, қазіргі уақытта тексерулер жоспарларын қалыптастыру кезінде субъективті тәсілді қолдану ықтималдылығы бар. Жоспарларды қалыптастыру кезінде субъективизмді барынша болдырмау үшін бақылау-қадағалау субъектілерін тексерулер жоспарына енгізуді тәуекелдерді басқару жүйесін ескере отырып автоматтандыру ұсынылады.

33-кесте. Тәуекелдерді басқару жүйесін ескере отырып, бақылау-қадағалау субъектілерін тексерулер жоспарына енгізу процесін автоматтандыру жөніндегі нысаналы көрсеткіштер

P/c №	Көрсеткіштің атауы	Іске асыру жылдары							
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, өсімдік шаруашылығы және фитосанитариялық қауіпсіздік саласындағы тексерулер жоспарына енгізілген субъектілерді қамту үлесі, %			50	60	70	80	90	100
2	Ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, ветеринариялық қауіпсіздік саласындағы тексерулер жоспарына енгізілген субъектілерді қамту үлесі, %			50	70	80	90	100	100

4.4.7 Органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін және айналымын дамыту үшін жағдайлар жасау

Республикада органикалық ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін және айналымын дамыту, сондай-ақ органикалық өнімнің экспорттық әлеуетін іске асыру үшін органикалық өнімді өндіру және сертификаттау жүйесінің жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау қажет.

Органикалық өнімді өндіру мен өткізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мәселесін зерделеу бірінші кезектегі мәселе болып табылады.

Органикалық ретінде таңбаланған тауарлар мен шикізатқа тұтынушылардың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында органикалық өнімді өндірудің барлық кезеңдерінде бақылау жүйесін, органикалық өнім өндіруді, қайта өңдеуді инспекциялау және сертификаттау, өндіріс субъектілерін тіркеу рәсімдерін енгізу қажет.

Органикалық өнімдер өндіруді мемлекеттік қолдау тетіктерін әзірлеу талап етіледі.

4.4.8. Ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту.

Ескерту. Бағдарлама 4.4.8-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Мемлекет басшысының кооперацияның дамуына бөгет жасайтын тосқауылдарды жоюға қатысты тапсырмасын орындау мақсатында талдау жүргізілді және елдегі кооперация процесін тежейтін мынадай тосқауылдар анықталды:

- 1) коммерциялық емес ұйымдар нысанында құрылған ауыл шаруашылығы кооперативтерінде табысты бөлу мүмкіндігінің жоқтығы;
- 2) нормативтік құқықтық базаның жетілмегені;
- 3) кооперативтер қызметінің айқын болмауы, кооператив мүшелерінің бір-біріне сенімсіздігі;
- 4) ішкі рәсімдердің шектен тыс реттелгені.

Аталған тосқауылдарды жою мақсатында Қазақстан Республикасының кооперацияны дамыту мәселелері жөніндегі қолданыстағы заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу болжанады.

Бұл ретте, АШТӨ-ні субсидиялау мәселелері фермерлерді кооперативтендіру міндетімен тығыз өзара байланыста балады.

4.4.9. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Ескерту. Бағдарлама 4.4.9-кіші бөліммен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2014 № 750 қаулысымен.

Агроөнеркәсіптік кешеннің дамуы шетел мамандарын тарта отырып талдамалық зерттеулерді жүргізуді және ұсыныстарды әзірлеуді, озық шетел тәжірибесін зерттеуді және енгізуді, сондай-ақ шетел инвестицияларын тарту процесін жандандыруды және АӨК өнімін өткізудің жаңа шетел нарықтарын іздеуді көздейді.

Осыған байланысты халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық ерекше өзектілікке ие.

Қазіргі уақытта Қазақстан ЭЫДҰ, БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымымен (бұдан әрі – ФАО), ХЭБ, Исламдық ынтымақтастық ұйымымен (бұдан әрі – ИЫҰ) белсенді ынтымақтастық жасауда.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан әртараптандыру және тікелей шетел инвестицияларын ұлғайту, сондай-ақ Қазақстан экономикасының түрлі салаларының, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша консультациялар алуға.

ЭЫДҰ-мен ынтымақтастық бағыттарының бірі Қазақстан Республикасында аграрлық саясаттың шолуын әзірлеу болып табылады, оның ішіне инвестицияланған мемлекеттік ресурстардың тиімділігін бағалау үшін саланың егжей-тегжейлі талдауын жүргізу кіреді. 2011 жылы ЭЫДҰ-дың әдістемесі бойынша Қазақстанның аграрлық саясатының шолуы әзірленген болатын.

Жүргізілген шолудың негізінде екі жыл сайын ЭЫДҰ әдістемесі бойынша ауыл шаруашылығы

нарықтарындағы негізгі ойыншылар болып табылатын елдердің өндірушілерін қолдау деңгейін айқындайтын және түрлі елдерде ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау туралы сенімді және салыстырмалы сандық мәліметтердің жалғыз көзі болып табылатын Аграрлық саясаттың мониторингі жүргізіледі.

ФАО-мен ынтымақтастық аграрлық саясатты әзірлеуде біліктілігі жоғары ауыл шаруашылығы мамандарынан жедел консультациялар алуға, АӨК басым бағыттарында техникалық және консультациялық көмекке, аграрлық саясатта болып жатқан өзгерістерге жылдам ден қоюға, ел үкіметтерімен бірге ұсыныстарды әзірлеуге және өңірдің мамандануын ескере отырып, ауыл шаруашылығы дамуының басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, Қазақстандағы ФАО өкілеттігі трансшекаралық проблемаларды шешуге бағытталған Қазақстан Республикасы қатысатын өңірлік жобаларды іске асыруға бағытталатын болады.

Қазақстанның ДСҰ-ға кіру қарсаңында жануарлар мен жануарлар әлеміндегі саулықты қамтамасыз ету мәселелерінде халықаралық стандарттарды, ХЭБ аясында әзірленген жарлықтар мен ұсынымдарды қолдану аса өзекті. ХЭБ-пен ынтымақтастық шеңберінде техникалық және әдіснамалық көмек көрсетіледі, Қазақстан Республикасы Үкіметі мен ХЭБ арасындағы ынтымақтастық бағдарламасы туралы қол қойылған келісімді іске асыру бойынша жұмыс жүргізіледі, ветеринария жөніндегі референттік орталықтың жануарлар бруцеллезі бойынша ХЭБ референттік зертханасының мәртебесін алу бойынша көмек көрсетілетін болады. Сонымен қатар, Астана қаласында ашылған Орта Азиялық аймақ бойынша аусылды бақылау жөніндегі ХЭБ қосалқы аймақтық реттеуші кеңсесі аусылды бақылауды күшейту, өңірлік деңгейдегі аусылға қарсы күрес бойынша бірыңғай тәсіл мен стратегияны әзірлеу, ХЭБ өңірлік және арнайы комиссияларымен бірлесіп, аусылға қарсы күрес бойынша Орта Азиялық өңірлік ветеринариялық қызметтердің күш-жігерін біріктіру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

